

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



«Тәрбиелік іс-шара»: алға қойылған мақсатқа жету деңгейінің өлшеу критерийлері (бәсекелік қабілет; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау; білімнің салтанат құруы; Қазақстанның революциялық емес эволюциялық дамуы; сананың ашықтығы) әдістемелік ұсынымдамалары

Методические рекомендации

«Воспитательное мероприятие: критерии измерения уровня достижений поставленных целей (конкурентоспособность; прагматизм; сохранение национальной идентичности; культ знания; эволюционное, а не революционное развитие Казахстана; открытость сознания)

Астана 2018

Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 15 маусым №7 хаттама).

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 7 от 15 июня 2018 года).

«Тәрбиелік іс-шара»: алға қойылған мақсатқа жету деңгейінің өлшеу критерийлері (бәсекелік қабілет; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау; білімнің салтанат құруы; Қазақстанның революциялық емес эволюциялық дамуы; сананың ашықтығы) әдістемелік ұсынымдамалары – Астана: Б. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 143 б.

Методические рекомендации «Воспитательное мероприятие: критерии измерения уровня достижений поставленных целей (конкурентоспособность; прагматизм; сохранение национальной идентичности; культ знания; эволюционное, а не революционное развитие Казахстана; открытость сознания). – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 124 с.

Жұмыста жаңартылған мектеп пен оқушылар тәрбиесіндегі тәрбиелік іс-шаралардың рөлі қарастырылады. Тәрбиелік іс-шаралардың қойылған мақсаттарға жету деңгейін өлшеу критерийлерінің сипаттамалары берілген. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы критерийлері негізінде тәрбиелік іс-шараларға педагогикалық талдауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар дайындалды.

Жұмыс тәрбие процесін ұйымдастырушыларға: тәрбие жұмысы жөніндегі мектеп директорларының орынбасарларына, сынып жетекшілеріне және қосымша білім беру педагогтеріне арналған.

В работе рассматривается роль воспитательного мероприятия в обновленной школе и воспитании школьников. Дана характеристика критериев измерения уровня достижений поставленных целей воспитательного мероприятия. Подготовлены методические рекомендации по организации педагогического анализа воспитательного мероприятия на основе критериев программы «Рухани жаңғыру».

Работа адресована организаторам воспитательного процесса: заместителям директоров школы по воспитательной работе, классным руководителям, педагогам дополнительного образования.

© Б. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2018

© Национальная академия
образования им.И.Алтынсарина, 2018.

Кіріспе

Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және мемлекеттік-саяси түрлендірулер балалардың тәрбиесіндегі стратегиялық бағдарларға, мазмұнына, амалдары мен құралдарына елеулі әсерін тигізіп, ол 27.07. 2007 жылғы № 319-III «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, Тәрбиенің тұжырымды негіздерінде және нормативтік құжаттарда көрініс тапқан. Практикалық патриотизмнің негізі болатын тәрбиенің жаңа типін қалыптастыру ісі өзектендірілуде.

Елбасы Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында - «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» патриоттық сезімді меншікті ұлттық мәдени-генетикалық кодтың іргелі негізі ретінде тұжырымдайды [1].

«Білім туралы» Заңында тәрбиелік бағдарламалардың білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық сезімдерін, интернационализмді, жоғары моральін және рухани дүниесін қалыптастыруға, сонымен қатар жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталатыны атап көрсетілген [2].

Заманауи мектепте қазақстандық патриотизмнің өткізуші құралы ретінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының базалық жобалары шығады [3].

Балалар тәрбиесінде белгіленген түбегейлі міндеттердің шешімі тәрбиелік үдерістесыныптан тыс және мектептен тыс тәрбиелік жұмысында кеңінен қолданылатын оның ұйымдастырушылық нұсқаларының бірі - тәрбиелік іс-шарасымен салғастырылады.

Тәрбиелік іс-шарасы тәрбиелік жүйенің мәнмәтінінде оның мақсат, қызмет, әрекеттің субъектісі, қарым-қатынастар, басқару секілді құрамдастарының кірігуін қамтамасыз ететін мектепті басқарудың нысаны ретінде қарастырылады: (Л.И. Новикова, В.А. Караковский, Н.Л. Селиванова, М.Е. Демеуова, К.Ж. Кожаметова, Н.И. Хван и др.).

Білім мазмұнын жаңартуда оның функционалдық рөлі арта түседі. Дәл осы тәрбиелік іс-шара мектеп оқушыларына тек педагогикалық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік фактор ретінде әсер етеді, өйткені олардың өзара әрекеттесуін, жас ерекшеліктері мен шығармашылық әлеуетін ескерумен шынайы мәнді процестердің қосылуын арта түседі.

Жалпы білім деңгейлерімен және бастауыш, орта және жоғары сыныптарда оқытудың білімділік, педагогикалық міндеттерімен сәйкестікте білім беру процесін іске асырып отырған әрбір білім беру ұйымында дерлік өзінің тәрбиелік жүйесі қалыптасқан. Оның тиімділігінің, яғни тәрбиелік іс-шараның пәрменділігінің, нәтижелілігінің өлшемі ретінде сәйкес критерийлер шығады.

Инновациялар жағдайында практик-мұғалімге тәрбиелік іс-шараның оның сапасын арттыруды көздеп, оны бағалау көрсеткіштері мен критерийлерін әзірлеуді қажет ететінін түсінген маңызды. Нәтижелелік пен тиімділіктің мәселелері педагогтардың білім алушылардың тәрбиесін ұйымдастыру

процесіндегі сараптамалық жұмысының пән ретінде шығуы тиіс.

Тәрбие – әрбір мұғалімнің рухани-практикалық қызметі болып табылып, оның кәсіби күшін тудыратын түрлі салаларды өзектен өтіп, шығармашылықпен, ізденіспен, қажетті дағдылармен, жаңа білімдермен қатар ілесіп келеді. Тәрбие тәжірибесін басшылыққа алса, білім беру саласын реформалау қисынында мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына бәсекеге қабілеттілік; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау; білімнің салтанат құруы; Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы; сананың ашықтығы деген заманауи критерийлерге сай тәрбиелік іс-шараны модельдеу мен әзірлеуде әдістемелік қажеттілік қажет.

Бұл дегеніміз, біздің міндетіміз тәрбиелік процес ұйымдастырушыларына осы саладағы зерттеушілік ізденісіне қосылуда көмек көрсету; педагог тәрбиеші айқындамасынан ұйымдастырылып отырған іс-шараны құруға шығармашылықпен келіп, оны түзетіп, нивелирлейтін жағдайына жетуі үшін, тәрбиелік іс-шараның критерийлер жүйесін сипаттауда екенін көрсетіп отыр.

1. Жаңартылған мектептегі тәрбиелік іс – шаралардың рөлі

Қазақстан мектептерінің қазіргі кезеңдегі тән ерекшеліктерінің бірі – оның барлық сатыларда жаңартылып отырғанында.

Мектепте өтіп жатқан өзгерістердің ауқымы оның сыртындағы да өзгерістерге байланысты маңызды: өндірістердің және технологиялардың жаңартылуы, ақпаратты жолдау мен пайдаланудың жаңа мүмкіндіктерінің шығуы, еңбек және іскерлік өмірдегі функционалдық өзгерістер, әлеуметтік шақырулар. Жаңартулар мектеп білімінің 12-жылдық үлгісіне ауысу шеңберінде өтіп отыр. Орта білім құрылымы қайта қарастырылған, білімнің жаңа мазмұны анықталуда, оқыту тәрбиелеудегі инновациялық көзқарастар мен әдістер зерттелуде, оқушылар жетістіктерін бағалаудың түбегейлі түрде жаңа жүйесі енгізілуде, педагог кадрларды заманауи әдістемелер бойынша даярлау ісі жүзеге асырылуда. Жаңа стандарт бойынша мектеп функционалды сауатты, яғни белсенді және шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, зияткерлігімен, рухани және дене бітімімен өз бетінше дамуға қабілетті мектеп бітірушісін дайындап отыр.

ҚР МЖМБС әзірлеуде мектеп білімін дамытудың халықаралық бетбұрыстары, PISA, TIMSS, PIRLS халықаралық зерттеулерінде жақсы нәтижелерге қол жеткізген Финляндия, Сингапур, Оңтүстік Корея, Жапония, Қытай және т.б. елдердің білім беру тәжірибесі ескерілген.

Республикамыздың орта білім жүйесіне, барлық үлгідегі мектептердің (гимназиялар, лицейлер) тәжірибесіне Назарбаев Зияткерлік Мектептерінің (НЗМ) инновациялық білім беру үлгісінің таңдаулы қазақстандық тәжірибесі ауыстырылуда.

Жаңарту ерекшеліктерінің бірі ретінде білімнің құндылықтары ретінде «Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісінде белгіленген құндылықтары тұжырымы анықталды. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевпен «Болашаққа бастар жол - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы балалар мен жастардың бойында әлеуметтік жауапкершілікті, қазақтандық қоғамның игілігі және бірлік сезімі үшін еңбек етуге дайындықты тәрбиелеуге бағытталған [4]. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын іске асырудың іргесі мектептің кезінде қалануы тиіс.

Құндылықтарды табысты таратудың факторларының бірі ретінде мектеп жүйесіндегі тәрбиелік іс-шараларды сапалы түрлендіру шығады.

Тәрбиелік іс-шара дегеніміз бұл – оқушылар қызметін ұйымдастырудың оперативті, уақытша, модификацияларының алуан түрі бар амал, ол олардың қарым-қатынастары мен қоршаған ортасының белгілі жүйесін түзуге, мектеп оқушысының жан-жақты дамыған тұлғасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

А.А. Сухомлинскийдің пікірі бойынша, «сыныптан тыс іс-шаралар сабақтармен қатар оқу-тәрбие жұмысының нұсқалары болып табылып, оған қоса ерекше нұсқаларына да ие» [5].

«Іс-шара» термині қазіргі педагогикалық лексикон қатарынан тіпті шығып та кеткен, осы уақытта заманға сай сөздер, қысқартылған сөздер қолданылуда, мысалы: өз бетінше басты – «өткізу үшін» іс-шаралардың

тізбегінен бас тарту секілді мәселені шеше алмайтын «акция», ҰШЖ (ұжымдық шығармашылық жұмыс) деген сөздер.

Қарама-қайшылық заманауи білім үлкен тәрбиелік әлеуеті болатын тәрбиелік іс-шараларсыз ақылға сыйматынында. Мазмұны – тәрбиенің, тәрбиелік әрекеттердің анықтаушы қыры, онығ құрылымына тәрбиелік іс-шара енген.

Е.В. Бондаревскаяның пікірінше, тәрбиенің мазмұнын пәндік негізі ретінде тәрбиелік үдерістің және тәрбиелік әрекеттердің мазмұнының құрамдасы ретінде ажырата білу қажет [6].

Практикалық мақсаттармен тәрбиенің құрылымында адамның қалыптасуына қатысты түрлі функцияларды атқаратын шартты түрде бірнеше блоктарды ажыратады [6]. Біреуінің құрамына қоғамда «қазір және осында» бейімделуге мүмкіндік беретін тұрақты әлеуметтік-мәдени нормалар мен дәстүрлер (бейімделу функциясы) кіреді. Екіншісі тәрбиеленушінің өзінің өзінің адами бейнесіне қатысты шығармашылығын (креативті функция) қамтамасыз етеді. Үшіншісі тәрбиедегі ақаулықтарды толықтыруға бағдарланған (түзетуші функция). Төртіншісі уақыт шақыруларына және қоршаған ортаға қатысты жауапты қалыптастырып, тұлғаның болашаққа бағдар алған жеке идеалды қасиеттерін және жүріс-тұрыс сипаттамаларын дәріптеуге көмектеседі (прогностикалық функция). Осылайша, тәрбиенің мазмұнында нормативтік және шығармашылық бастамалар тығыз байланысады. Құрылымдық блоктардың әрқайсысы тәрбие барысында белгілі бір мазмұндық құрамдастармен толықтырылады. Білім мазмұнының құрамдастары өзінің классикалық түсінігінде (М.Н. Скаткин, В.В. Краевский, И.Я. Лернер) білімдер, біліктер, дағдылар; қызмет пен құндылықты қатынастардың тәжірибесі шығады; оларды білім алушылар білім беру стандарттарының деңгейінде меңгеруі тиіс. Тәрбиенің жүйесінде олар оқыту барысынан өзге «түрі» мен мазмұндық-мағыналы толықтыруын алады.

Осылайша, тәрбие үшін қажетті ақпараттың шеңберіне кіретіндері: әлеуметте талап етілетін жеке тұлғалық сипаттамаларға және көріністерге, «тәбиелілік» ұғымымен байланысты эмоционалдық және жүріс-тұрыс реакцияларына қатысты қоғамның күтулері; өркениетті, ұлттық, туралы білімдер, аймақтық, «жергілікті» дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар деңгейінде мәдени нормалар мен жүріс-тұрыстың стереотиптері туралы білімдер.

Оларға осы білімдердің тәжірибеде көрініс табуын қамтамасыз ететін білімтекрдің және дағдылардың шеңбері, сонымен қатар адамның шынайы өмірге қатынасын білдіретін алуан түрлі – іс-әрекеттің тәжірибесі қосылады.

Бұл эмоционалдық, жүріс-тұрыс, рефлексиялық тәжірибе, күш-жігердің және әрекеттердің тәжірибесі, өнімді әрекеттің және ауқымы әртүрлі ұйымдардың және адами тұтастық құрамындағы қарым-қатынастың тәжірибесі.

Іс-шараның табысты өтуіндегі шарттардың бірі – сынып жетекшісінің барлық іске асырылып отырған өзгерістердің маңыздылығын ұғынуында, олардың өзінің әрекетін тәрбиелік процестің шеңберінде талдауы.

Тәрбиелік іс-шараларға тұтас мектептің тәрбиелік әрекеті мазмұнын жаңарту жолында беріледі.

Бұл контексте тәрбиелік іс-шараның негізгі функциялары мыналар:

- қоғам мен ортаның жаңғыруы, кәсіптің өзін-өзі тануы және үздіксіз білім беру жағдайында тұлғаның ойдағыдай әлеуметтенуі үшін педагогикалық жағдайлар жасалуы;

- жаңа әлеуметтік-экономикалық шарттар жағдайында тұлғаның өз қабілеттерін іске асыруға, ұлттық және әлемдік мәдениетке бағытталуы;

- білім беру кеңістігінің бірыңғайлығын қамтамасыз етуі;

- Тәрбиелік кеңістіктің мазмұнын жаңарту;

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының платформасы арқылы балалардың «Мәңгілік Ел» базалық құндылықтарын меңгеруі *болып табылады.*

Мектеп тәрбиесі контекстінде жобалар белгілі бір мақсаттар мен міндеттерді орындайды.

Олардың біріншісі — *қазақ тілінің біртіндеп латын графикасына көшу жобасы.* Бұл жоба тілдің дамуына жаңа импульс беруге бағытталған және тілді әлемдік кеңістікке бейімдеуге, оқушылардың тілді меңгеруге қызығушылықтарын арттыруға бағытталған.

Екінші жоба — *«Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулықтар».* Мектеп мұғалімдері алдында мемлекеттік тілді меңгерудегі сабақтастықты қамтамасыз ету, тәрбиелік кеңістікті оны кең қолдану үшін құру міндеттерін қояды.

«*Туған жер*» бағдарламасының басты мақсаты оқушыларда нағыз патриоттық сезім тәрбиелеу болып табылады, бұл сезім өз ауылына, қаласына, өңіріне, оның тарихына, мәдениетіне, дәстүрі мен тұрмысына, Отан алдындағы борышына деген сүйіспеншілігімен, мақтанышымен және адалдығымен түсіндіріледі.

Төртінші жоба *«Қазақстанның қасиетті географиясы»* болып табылады. Бұл жоба балалар мен мектеп оқушыларын мәдени жадын, қасиетті және мәдени-тарихи заттарды сақтауға тәрбиелеуге бағытталған..

«*Жаһандық әлемдегі заманауи Қазақстан мәдениеті*» жобасы шеңберінде мұғалімдер оқушыларды әлемдік қоғамдастыққа ұсынылған ең жақсы қазақ мәдениеті туындыларымен таныстыруы өте маңызды. Мақсат отандық шығармашылық зияткерлерге деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу, солардың тәжірибесі аясында талантты оқушылардың шығармашылық таланттарын көрсету болып табылады.

«*Қазақстанның 100 жаңа тұлғалары*» жобасы өзінің ойын, талантын, еңбексүйгіштігін Отанымыздың гүлденуіне арнаған тұлғалардың тарихына, өмірбаянына арналған. Олар Қазақстанның бет-бейнесі болып табылатын еліміздің түкпір-түкпірінен жинақталған қазақстандықтар, әр жастағы әртүрлі ұлт өкілдері, мектеп оқушыларының замандастары. Мұғалімнің міндеті өскелең ұрпақты осы нақты тұлғаларға бағыттай білуі, аса көрнекті замандастарды насихаттау болып табылады.

Жаңартылған мектептің жағдайында *тәрбиелік іс-шараның рөлі* әсіресе арта түседі, өйткені ересектер мен балалар бастамасы жағынан тең серіктестер ретінде танылып, бірлесе әрекет етеді. Бос уақыттағы-тәрбиелік іс-шараларға қатысу балалар және ересектер ұжымдарын біріктіруге көмектеседі. Осындай *іс-шаралардың әлеуеті үлкен азартушы, танымдылық, шығармашылық*

мүмкіндіктеріне ие, олардың игерілуі бос уақыттың мазмұны мен құрылымын байытып, жалпы мәдениетті дамытады.

Іс-шаралардағы қарым-қатынастардың желісі:

- серіктестік,
- бірлескен шығармашылық,
- бірлескен әрекет.

Тәрбиелік іс-шаралар түрлі көзқарастардың және қағидалардың бағдарламалық-мақсатты көзқарастың, сфералық және проблемалық қағидалардың негізіндегі тәрбиелік бағдарламалардың үйлестірілген жиынтығына қосылуы мүмкін.

Басқарудағы бағдарламалық-мақсатты көзқарас дегеніміз – бұл басшының мақсаттар шежіресін құру, сайма-сай атқарушы бағдарламаны әзірлеу, басқарушы бағдарламаны іске асыру секілді кезеңімен жүрген әрекеттердің ақырғы нәтижесіне бағдар алған көзқарас. Бағдарламаның негізінде жүйені дамытудың белгіленген мақсаттары, оған жетудің түрлі нұсқаларын әзірлеу, анағұрлым тиімді нұсқаларын таңдау мен олардың негізінде мақсатты бағдарламаларды қалыптастыру жатыр.

Бағдарлама – бұл қандай да бір басымдылықтағы мақсатқа жетудің негізделген және қисынды байланыстырылған іс-шаралардың бірыңғай, мақсатты, аяқталған кешені. Бағдарламаны әзірлеуге келесі қағидалар салынған:

- элементті;
- құрылымдық;
- функционалдық;
- коммуникативтілік қағидасы
- кіріктіру қағидасы;
- мақсатты;
- ресурстық.

Бағдарламалық-мақсатты іс-шаралар бағдарламалық бақылауды жан-жақты кешенді талдауының негізінде қалыптастырылады. Іс-шараның барлық тарауларын келесілерді көздейтін бірыңғай бірізділікке түскен нұсқасы бойында түзу керек: іс-шараның атауы, белгіленген мақсаттарға жету деңгейін, әрбір іс-шара бойынша жауапты атқарушыларды өлшеудің критерийлері, бағдарламадағы іс-шараларды орындаудың басталу және аяқталу мерзімдері. Материалдық-техникалық және қаржы қамтамасыздығы.

Іс-шараны критериалдық өлшеудің негізінде бағалау бейресми жүргізілуі тиіс: нәтижелер талқыланып, барлық қатысушылардың пікірлері ескеріледі. Кейде бұл мақсат үшін сараптамалық бағалаулар теориясын ескерумен өңделетін арнайы анкеталар әзірленеді.

Бағдарламалық-мақсатты көзқарастың шеңберінде үйлестірудің орталықтандырылған тетіктерін құру, сонымен қатар индикаторлардың және өзгерістердің көрсеткіштерінің жүйесі арқылы тәбиелік іс-шаралар кешенін іске асыру қарастырылып отырған саладағы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Мәселені бағдарламалық емес құралдармен шешу мәселені кешенді үйлестірілген көзқараспен шешілуі жолынан айырып, белгіленген мақсаттарды

айтылған мерзімінде шешу мүмкін болмай қалады, тәрбиенің қандай да бір саласындағы даму үдерісі жүйелігінен айырылып, нақты мақсаттармен, ресурстарымен, орындалу мерзімдерімен және атқарушыларымен байланыстырылған бағдарламалық іс-шаралардың кешені орын алмай қалады.

Жоспарлаудың бағдарламалық-мақсатты әдісінің енгізілуі білім беру ұйымындағы тәрбиелік іс-әрекеттің сапасы мен тиімділігін арта түседі.

Тәрбие мақсаттарына жету амалдары дегеніміз – бұл Тәрбиенің тұжырымдамалы негіздерінде белгіленген тәрбиелік жұмыстағы басым бағыттар (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы «22» сәуіріндегі № 227 [7] бұйрығымен бекітілген):

- 1) Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
- 2) рухани-адамгершілік тәрбие
- 3) ұлттық тәрбие
- 4) отбасы тәрбиесі
- 5) еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- 6) көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
- 7) зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- 8) дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиелік іс-шаралардың бағыттары бойынша жіктелуі мейлінше шартты түрде жүргізіледі, олар өзара тығыз байланыста болып, тұтас жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Әр бағыт бойынша тәрбие іс-шарасының функционалдық рөлі мақсатты белгілеу арқылы жүзеге асырылады.

1) *Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие. Мақсаты:* Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті патриотты және азаматты; жеке тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайындығын қалыптастыру

Тәрбиелік іс-шаралары:

- «Азаматтың және патриоттық тәрбие», «Жеңіс күні, жалынды сәлем!» айлықтары; «Жас ұлан» республикалық балалар-жасөспірімдер ұйымы қатарына мектеп оқушылары кіруінің салтанатты рәсімі;

-«Қазақстан Республикасының халықтарының бірлігі күні», Қазақстан Республикасы халықтарының рухани келісім күніне орай «Көпұлтты Қазақстан», «Конституция күні», «Тәуелсіздік күні», «Даңқың биік болсын, жеңімпаз әскер!», «Бұл күндердің даңқы өшпес», «Қазақстанның рәміздер күні», «Отан қорғаушылар күні», «Астана - біздің Отанымыздың астанасы» тақырыпты сұхбаттар

- ҰОС ардагерлеріне арналған концерттер;
- мұражайға экскурсиялар;
- өлкетану конференциялары;
- өлкетану бойынша материалдарды жинақтау;
- әскери-спорттық жиындарға қатысу;
- акцияларға қатысу;

- әшекейленген гүл тізбегін (гирляндарды) даңқ мемориалдарына қою.

2) *Рухани-адамгершілік тәрбие*. Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Тәрбиелік іс-шаралары:

- кітапханада ұйымдастырылған сабақтар;
- мұражай ұйымдастырылған сабақтар;
- сахналық қойылымдарға және кинотеатрларға бару;
- сұхбаттар: «Сән мен ыңғай», «Сұлулық пен тәртіп», «Әдеп сабақтары», «Рухани дүние туралы әңгімелер»;
- конкурстық бағдарламалар, фестивальдар және т.б.;
- халық және мәдени дәстүрлерге қосылуға арналған мерекелер, концерттер;
- мұғалімдер және педагогикалық еңбек ардагерлеріне арналған мерекелік концерттер.

3) *Ұлттық тәрбие*. Мақсаты: тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

Тәрбиелік іс-шаралары:

- Байқаулар: «Наурыз - көктем мерекесі» қабырға газеті, «Қазақ халқының салт-дәстүрлері»; «Қазақстан халықтар достығы» фестивалі;
- сұхбаттар: «ҚР халықтарының тілдері күні»; «Қазақстанның ғылыми, мәдени қайраткерлері», «Мәңгілік Ел құндылықтары - қазақстандықтардың басты құндылықтары», «Қазақстан халықтарының Ассамблеясы»;
- көрмелер: ұлттық костюмдер; Қазақстан және басқа елдердің сәндік-қолданбалы өнері; қазақ ою-өрнегі; Қазақстан халқының ұлттық тағамдары;
- ұлттық ойындар, әлемнің түрлі елдерінің ойындары.

Тәрбиелік іс-шаралары:

4) *Отбасы тәрбиесі*. Мақсаты: ата-аналардың арасында ағарту ісін жүргізу, олардың бала тәрбиесіндегі психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Тәрбиелік іс-шаралар:

- Ата-аналардың жиналыстары;
- Күнтізбелік даталарға арналған салтанатты іс-шаралар: «Аналар күні», «8 наурыз», «Қарттар күні»;
- Көрсету іс-шаралары: «Отбасылық қонақтар», «Отбасылық дәстүрлер фестивалі», «Ашық есік күні»; «Отбасылық құндылықтар ағашы» ойын жаттығулары;
- Конкурстық-ойын бағдарламалары, кездесулер, концерттер: «Отбасылық ансамбль сайысы», «Жыл отбасы», «Отбасы жылнамасы», «Фото-байқаулар», «Отбасылық кино салоны», «Әкем, анам, мен - оқымысты отбасым», Әкем, анам, мен - спорттық отбасым және т.б.

5) *Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие*. Мақсаты: жеке

тұлғаның кәсіби анықталуына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Тәрбиелік іс-шаралары:

- 8 наурыз, 9 мамыр ҰОС ардагерлері үшін мерекелік откриткаларды, кәдесыйларды, аналарға қолөнер бұйымдарын дайындау;

- тәрбиеленушілердің қалалық байқауларға қатысуы: «Аяз атаның шеберханасы», «Үздік жанажылдық ойыншық»;

- мектеп алаңдарын жақсартуда оқушылардың сенбілікке қатысуы;

- күндізгі уақыттағы лагерьлердегі жұмыс;

- мектепте кезекшілігін ұйымдастыру;

- сатылым-жәрмеңкелеріне қатысу;

- қандай да бір кәсіптің құпияларын ашатын сұхбаттар;

- қаладағы кәсіпорындарға ұйымдастырылған экскурсиялар балаларға бірқатар кәсіптердің ерекшеліктерін өз көзімен көруге мүмкіншілік береді;

- кәсіби бағдар беру мақсатында сауалнама жүргізу;

- «Өмір мен мансапты жоспарлау» жобасы;

- сынып сағаттары: «Мейірімділік пен жақсылық мамандықтары», «Мамандықтар әлемінде», «Ата-анамның мамандықтары», «Біз таңдаған жолдар»;

- экологиялық тақырыптар бойынша суреттер байқауы;

- табиғи материалдардан қолөнер байқауы;

- экологиялық тақырыптарға арналған плакаттар байқауы;

- экологиялық білімдері бойынша сабақтар;

- «Қызыл кітаптың беттерімен», «Экологиялық калейдоскоп» байқаулары мен викториналарын өткізу;

- «Қыстап қалған құстарға көмектес» акциясы.

б) көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сонымен қатар ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Тәрбиелік іс-шаралары:

- Сынып сағаттары: «Толеранттылық немесе интолеранттылық: қайсысы жақсы?»; «Қазақстан - көпұлтты мемлекет»; «Толеранттылық-ынтымақтастықтың жолы»; «Мен - әлемнің азаматымын»; «Қазақстан - біздің ортақ үйіміз»; «Әрбір тіл өз халқы үшін керемет»

- зияткерлік ойындар: «Менің азаматтық құқықтарым мен міндеттерім», «Қақтығыстар мен оларды шешу жолдары», «Менің елімнің есте қаларлық күндері», «Қауіпсіз маршрут»;

- «Мәртебелі заң» жас заңгерлердің байқауы, «Әдеп білгірлері», «Жақсы үлгідегі мектеп» байқаулары;

- балалар шығармашылығы фестиваліне қатысу.

7) *зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.* Мақсаты: жеке тұлғаның жалпы мәдениеттік жүріс-тұрыс дағдыларын қалыптастыру, оның өнер мен шынайы өмірде эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті

ортаны құру.

Тәрбиелік іс-шаралар:

- пәндік апталықтар;
- викториналарға қатысу;
- «зияткерлік орталар», «ақылды бейсенбі» (ғалымдармен кездесу);
- ұлы ғалымдармен және олардың ашқан жаңалықтарымен танысуға арналған сұхбаттарды өткізу;
- Ақпараттық сағаттарды өткізу: «Медиатекадағы кітапхана», «Дәстүрлі емес ақпаратты қолдаушылар».

8) *Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. Мақсаты:* Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Тәрбиелік іс-шаралар:

- Денсаулық фестивалі, шахмат, дойбы, баскетбол, волейбол, теннис, футбол сияқты жарыстар;
- психологпен, әлеуметтік педагогпен кездесулер;
- СӨС профилактикасы бойынша, есірткі профилактикасы бойынша мамандармен кездесулер;
- демалыс уақытында табиғатқа жорықтар;
- «Алтын күз» бағы, орманға және т.б. тақырыпты экскурсиялар;
- сұхбаттар: «Дені саудың, тәні сау», «Зиянды әдеттер», «Дұрыс тамақтану туралы әңгімелер» және т.б. тақырыпты әңгімелер.

Тәрбиелік іс-шараларды өткізу нұсқалары:

- байқаулар,
- викториналар,
- конкурстық-ойын бағдарламалары,
- саяхат-ойындары,
- сауықтыру ойындары,
- сахналық –ойын қойылымдары,
- мастер-кластар,
- «Көңілді старттар»
- сұхбаттар,
- экскурсиялар,
- көрмелер,
- акциялар,
- жиналыстар [8]

Қазіргі заманғы жағдайлар тәрбиелеудің басты идеясына байланысты әлеуметтік жағынан белсенді адамның жоғары моральдық қасиеттерін, шығармашылық белсенділігін және азаматтық көзқарасын біріктіретін жаңартылған білім мазмұнын, формаларын, тәсілдерін жетілдіруді талап етеді.

Осы тұрғыдан алғанда салалық қағидаттарға негізделген білім беру бағдарламаларының құрылымында (өзара, қиылысу, танымдық, қозғалыстың, бос уақытты, қарым-қатынас жасау) білім беру іс-шаралары тұжырымдамасы

маңызды әдістемелік рөл атқарады.

В.И. Слободчикова, И.С. Павлов, В.В. Швецова және басқаларының айтуынша, құндылықтардың кез келгені басқалармен бірдей болатын және салалық практикалық жағдайға байланысты ғана пайда болған сала қағидаты қалыптасады [9, 45-бет].

Құндылықтардың иерархиялық түрінен айырмашылығы, олардың жоғарғы қабаты жеткілікті түрде тамырланып, күшті болса, сала түрінің қосылыстары олардың сан алуандығымен байланысты, демек, айналадағы жағдайлардың динамикасының ықпалымен еркін түрде өзгереді.

Салалық ұйымдастыру және тәрбиелік жұмыс әдістері диалектикалық сала әдіснамасына негізделген. Практиктер әлеуметтік салалық тәсілдің авторы Л.М.Семашконың технологиясын пайдаланады.[10].

Егер мұғалім тәрбие іс-шараларын аяқтаудың «саласы» қағидатын қабылдайтын тәрбие бағдарламасында жұмыс жасаса, онда сіз 1-кестені пайдалана аласыз, мұнда сұрақтарды тәрбиелеу бағытына қатысты жалпы тақырыптармен анықтаңыз. Егер мұғалім материалды зерттеудің «проблемалық» қағидатын жоспарлауға бейім болса, онда барлық сұрақтарды тақырыптық жоспарлау нұсқасы 2-кестеде ұсынылған білім беру қызметінің бір блогында қарастыруға болады.

1-кесте «Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбиесінің» тәрбие бағыты (үлгі)

№	Тақырып	Мәселелер
1.	Адам еңбегі технология ғасырында.	Мамандық таңдаудағы мәселелер
2.	Суды қорғау	Су ресурстарын үнемедеу
3.	Тұрмыстық қоқыстың экологиялық проблемасы	Қоқысты жою, сұрыптау және жою мәселесі

Кесте 2. Еңбек, экономикалық және экологиялық білім беру бөлімдерін тақырыптық жоспарлауы (үлгі)

№	Тәрбие жұмысының іс-шара тақырыптары	Сұрақ мазмұны	Негізгі ұғымдар	Өткізу формасы
1.	Адам еңбегі технология ғасырында.	1. Еңбек түрлері 2. Қазіргі заманғы технологиялар және жаңа мамандықтар 3. Мамандықты қалай таңдауға болады?	Зияткерлік және физикалық еңбек Еңбек нарығы Мансап өсуі Технология	Сынып сағаты (технологиялық пікірталас бойынша)

2.	Суды қорғау	1. Ауыз судың проблемалары 2. Адамдардың қажеттіліктері үшін су ағыны 3. Суды тұтынуды қалай азайтуға болады	Суды тұтыну Сақтау (су үнемдеу)	Сынып сағаты (интерактивті әдістерді қолдану арқылы)
3.	Тұрмыстық қоқыстың экологиялық проблемасы	Қоқысты жою, сұрыптау және жою мәселесі	Қайта өңдеу Қоршаған ортаның ластануы Тұрмыстық қоқысты екінші рет пайдалану	Сынып сағаты (жоба әдісімен)

Мысал:

ТАҚЫРЫП «Суды қорғау»

Мақсаты: адамның өміріндегі судың мағынасын және оны тигізетін пайдасын анықтау; суды ысырапсыз пайдалануға баулу.

Тапсырмалар.

1. Отбасының табиғаты мен бюджетіне байланысты суды ысырапсыз тұтынудың маңызды екенін түсіндіру.
2. Адамдардың қажеттіліктері үшін суды тұтынуды бағалау және талдау.
3. Суды үнемдеу қажеттілігін түсіну және оны қалай жасау керектігін түсіну.

Сынып сағатының өтілу барысы:

I. Басталуы: «Суды қорғау» мультфильмін көреді.

II. «Ми шабуылы». Топта жұмыс істеп, күнделікті өмірде мүмкіндігінше суды қолданудың көптеген мысалдарын жазыңыз. Негізгі сөздер тақтайша жазылады.

III. Зерттеу. Адам қажеттіліктері үшін суды пайдалану диаграммаларын салу.

Карта - навигатор

1. Киім жуу және ыдыстарды жуу. Қазіргі заманғы (ыдыс жуатын) кір машиналары, әдетте, су мен энергияны аз тұтынады. Ыдыс жуу кезінде суды ағызып немесе суды ағызып тастағаныңызға байланысты, судың әр түрлі мөлшері жұмсалады. Ең үнемді әдіс - бұл екі ыдысқа немесе жекелеген контейнерлерге арналған ыдыстарды жуу. Кейбір есептерге сәйкес, килограмм кір жуғыш машина бүйірлік жүктемені әдетте 10 литр, ал үстіңгі жағынан 13-15 литр жұмсайды.

2. Асқа және ішуге арналған су. Ерлер күніне шамамен 3 литр суды пайдаланады, әйелдер - 2,2 литр, барлық тұтынылған судың 20% -ы азық-түлікпен (ерлерге - 0,750 литр, әйелдер үшін - 0,5 л) қолданылады. Бір стакан су - 100-200 мл су. Сонымен қатар, суды дайындау үшін (пісіру, шаю және т.б.)

қолданылады.

3. Бакшаны суару. Суарудың тиімділігі көп жағдайда тәулік уақытының дұрыс таңдалған уақытына байланысты (таңертең және кешке күн тез суды буланбайды) және дұрыс суаруды (су өсімдіктердің тамырларына емес, жапырақтарға қарай суарылу керек!). Түрлі өсімдіктер судың әр түрлі мөлшеріне мұқтаж. Шөпті кептіруге қарсы (көгалдарға), бұл көгалдар көбіне жеткілікті, бірақ тым төмен емес болған кезде көмектеседі.

4. Автокөлікті жуу. Қолмен жуған жағдайда шамамен 300 литр су жұмсалыады. Автоматты жуу машиналарында, әдетте, су аз тұтынылады (шамамен 150 литр). Әсіресе, шайған жағдайда судың аз бөлігі жұмсалады.

5. Тістерді тазалау, душ немесе ваннаға шомылу. Ваннаны қабылдаған кезде шамамен 200 литр су жұмсалыады (20 толық шелек!), Душ қабылдау кезінде су ағымы судың және уақыттың қысымына байланысты. Душка минутына 7-10 литр су жұмсалады. Тістерді тазалау кезінде кранды жауып тастағанға немесе үнемдеуге байланысты болады, егер болмаса, онда су ағымы душта минутына шығыс жылдамдығымен өлшенуі мүмкін. Шындығында, 0,5 литр суды табысты өңдеуге болады.

6. Өрттің қозғалтқышы бар резервуардың көлемі 2100 литрді құрайды, өртті сөндірген кезде ол әдетте көбірек жұмсалады.

7. Шынында, қолданатын әрбір өнім жасырын су ағынымен жүреді. Азық-түлік, жабдықтар мен киім өндірісінде өнеркәсіпте үлкен мөлшерде су пайдаланылады (мысалы, бір құмыра мөлшерінде кофе шығару үшін шамамен 140 литр су жұмсалады).

8. Суды пайдаланудағы ысырап өте жақсы. Көбінесе бұл жалқаулық немесе немқұрайдылық. Суды бір нәрсе немесе басқа әрекетті жуу процесі кезінде үзіліссіз су құяды. Сантехниканың бұзылған сорғылардың салдарынан су жоғалуы: • 2 секундтық жиіліктегі кептіргіш машина күніне 25 литрге дейін кетеді; • тәулігіне 100 литрге дейін 0,5 секундтан асатын тамшылау майы; • су ағып кететін кран, тәулігіне 600 литрге дейін ысырып таста йды; • ауланы тазарту цистернасынан тәулігіне 500-8000 л / тәул.

IV. Үй шаруашылықтарындағы су ағынын күнделікті зерттеу, іс-әрекетті бағалау.

Апта күндері	Бетті жуу	Душ		Ванна	Дәрет хана	Кір жууғыш машина	Ыдыс жуу машинасы	Стакан су	Ыдысты қолмен жуу	басқа
1										
2										
3										
4										
5										
6										
7										
1 рет тұтыну	7л	70 л	0,5/20 л	200 л	3/6/9 л	12 л	70/15 л	0,15 л	20/100 л	

V. Суды үнемдеу мүмкіндігі: • тұтынылатын жылы судың температурасын төмендету (бойлерді реттеу); • ағып кететін крандарды жөндеу (кран ашық қалған жағдайда минутына 9 литр су шығындалады); • Ыдыстарды жуу кезінде, раковинаны суға толтыру керек – алайда ыдыстарды су ағымымен бірге жуудан аулақ болыңыз; • Тістеріңізді щеткамен тазалау кезінде шүмекті жабыңыз. Тәулігіне 15-20 литр үнемдеңіз; • Ваннаға қарағанда, душ қабылдау керек, өйткені орташа есеппен ваннаны қабылдаған кезде, душқа қарағанда 3 есе көп су жұмсайды, үнемді душ басын пайдаланыңыз; • Егер сіз әлі де ваннаны қабылдауға шешім қабылдасаңыз, оны жартылай азайтып ағызыңыз; • бақшаны күн батқаннан кейін кешке суару.

VI. Күнделікті өмірде су үнемдеуге арналған тақтайшалар безендіру. Тақтайша жазылған қанатты сөздер өте әсерлі және терең мағынада болуы керек.

Үлгілер.

1. Кез келген іштен шыққан кран ағын суын жөндеу немесе ауыстыру. Бір күннің жарамсыз клапаны 30-200 литр су тамшылатуы мүмкін! Шүмекті жабыңыз. 2. Су құрылғыларын таңдағанда, тетікті ұзындау болғанын қадағаланыз. Олар суды екі кранмен бірге жиі араластырады, бұл судың оңтайлы температурасын көтергенде су аз жұмсалатындығын білдіреді. 3. Тістеріңізді тазалаған кезде суды өшіріңіз. Аузыңызды шаю үшін стақан су жеткілікті. 4. Су ағызатын бочоктарда дәретханада үздіксіз ағып кетуі мүмкін. Осы ағып кетуіне байланысты күн сайын ондаған литр су жоғалады. Пәтеріңіздегі сантехниканың жай-күйін қадағалауға тырысыңыз және уақытында ақаулықтарды жоюға тырысыңыз. 5. Мүмкін болса, экономикалық сантехниканы сатып алыңыз, мысалы, екі разрядтау режимі бар дәретхана. 6. Ағынды су астында шаймаңыз. Осы мақсаттарда толтырылған ваннаны немесе бассейнді қолданған жөн. 7. Ыдыс жуғыш машинаны және кір жуғыш машинаны толығымен жүктеген кезде пайдаланыңыз. 8. Тағам суының астындағы тағамды суытпаңыз. Өнімдерді мұздатқыштан тоңазытқышқа алдын ала аудару керек. 9. Егер душта шағын тесік диаметрі бар экономикалық диффузорды пайдалансаңыз, су аз жұмсалады. 10. Саңылауларды крандарға орнатыңыз. Бұл суды тұтынуды азайтуға көмектеседі.

Л.М. Семашко бойынша отбасылық тәрбиелеу контекстінде «салалық қағида» рухани және гуманитарлық, қаржы, байланыс (ұйымдық): Семашко төрт сала қажеттіліктерін дамыту кіреді және саналы арқылы адам мүмкіндіктерін төрт сала қызмет саласындағы төрт түрлерін өзгертеді балалардың толық дамыту болып табылады. Саласы қажет - материалға қажеттілігін, коммуникативтік, рухани және гуманитарлық жеңілдіктер мен тиісті іс-шаралар талаптарын. Саласы қабілеті - материалды нақты нысандарын бөліп қабілеті, коммуникативтік, рухани және гуманитарлық (моральдық және педагогикалық) қызметі.

Кешенді даму тәсілі дамудың төрт салалық бағытын қалыптастыратын қызметтің төрт түрінің арасындағы даму уақытын теңгерімді түрде бөлу болып табылады. Негізгі шара қызмет салаларының қолайсыз түрлері үшін уақытты

үнемдеу және босату болып табылады.

Баланың жан-жақты дамуы барлық салалар үшін жалпыға ортақ емес. Сонымен қатар әрбір адамға, әр адамға арналған таза және жеке дара.

Жеке тұлғаның рухани қасиеттерін дамытуға бағытталған сыныптан тыс тәрбиелік іс-шаралардың рөлі өте үлкен.

Жаңартылған мектептегі тәрбиелік іс-шаралардың рөлі тәрбие мазмұнының дербестендіру қағидасы мәнмәтініне байланысты арта түседі.

Мектеп оқушылардың жас ерекшеліктеріне бағдарланудың объективті қажеттілігі.

Тәрбиеленушінің тәрбиелік іс-шараға субъект айқындамасынан қосылуы тек оның түрлі жас санаттарына қатысты сараланған кезінде ғана орын алады.

Осыдан мектептің құрылымдық буындарына қатысты тәрбиелік іс-шаралардың рөлін де қарастыру қажет:

- бастауыш мектеп;
- орта буын;
- жоғары сыныптар.

Мектеп оқушысының жеке тұлғасының құндылықтарын тәрбиелік іс-шараларда қалыптастырылуы түрлі деңгейлерде орындалады:

- Бірінші деңгей (сынып ұжымы)
- Екінші деңгей (жалпы мектепшілік)
- Үшінші деңгей (аудан, қала).

Төменгі сынып оқушыларын тәрбиелеу жүйесінде сыныптан тыс іс-шаралар (сынып сағаттары, сабақтан тыс оқулар, ойындық бағдарламалар, танымдық әңгімелер) аса маңызды роль атқарады.

Атап айтқанда, сыныптан тыс іс-шаралар тәрбиелік, білім беру және дамыту функцияларын жақсы атқарады.

Төменгі сынып оқушыларын үшін жүргізілетін сыныптан тыс іс-шаралардың адами қасиеттерді қалыптастыруда және тәрбиелеуде үлкен мүмкіндіктері бар. Төменгі сынып оқушылары эмоционалдығымен, әуестігімен, құпияны іздеп тауып оны ашуға ұмтылыстарымен ерекшеленеді. Ойындық іс-қимылдар, ережелер арқылы іске асырылатын сюжеттік рольдік ойындарды қатыса отырып, балалар:

- табиғат, қоғам, техника, адам туралы өзінің білімін толықтыралы;
- ойлау және практикалық іс-қимыл біліктерін және дағдыларын дамытады;
- эмоционалдық- сезім сферасын дамытады;
- жеке даралық, шығармашылық қабілеттерін көрсетеді;
- әр тұлғаның ерекшеліктері негізінде, құндылықтар және құндылықтар негізінде өзара қарым-қатынасын қалыптастырады (қалыптасатын қарым-қатынас тұлғаның әрі қарай дамуына бағытын анықтайды);
- өздік білім алуға, өзін-өзі дамытуға қызығушылық танытады.

Төменгі сынып оқушылары үшін тәрбиелік іс-шаралар жүргізу барысында педагогтің ролі мыналармен анықталады:

■ балалардың өте күшті табиғи әлеуетінің болуы, ол олардың әртүрлі белсенділігін тудырады, балалардың өзіндік қызығушылықтарын тудырады,

сонымен қатар балалардың осындай табиғи қажеттілігін қозғалысқа келтіретін нақты механизмдердің болмауы ;

■ балалардың сарқылмас тәрбиелік және дамытатын ойындық конкурстық бағдарламаларының әлеуеттері, олардың жалпымойындалған өзіндік құндылығы;

■ тұтастықты, тәрбиелік іс-қимылдың мазмұнының жүйелілігі мен ішкі логикасын сақтау;

■ тәрбиелік іс-қимылда эмоционалдық және сыртқы тартымдылықты, арттыру, балалардың белсенділігінің, олардың шығармашылығының және психологиялық зарядтарының ерекше өрісін тұрғызу.

Орта сынып оқушылары үшін сыныптан тыс іс-шаралар жеке тұтынысты іске асыру сапасына, білім алуға, өмірлік проблемаларды шешу тәжірибелері мен біліктеріне бағытталған.

Балалардың дамуының негізгі ерекшеліктері:

1. Психиканың даму сатылығы;
2. Психиканың тұрғызылуының «Пирамидалдығы»;
3. Сәбидің ұмтылуының және оның қабілеттерінің дамуының бір қалыпты еместігі;
4. Даму қарқынының (жылдамдығының) біртіндеп кемуі;
5. Дамудан өзіндік дамуға, объектіден субъектіге көшу.

Сондықтан тәрбиелік іс-шаралар жүйесінің мәнін сипаттайтын түйінді түсініктер мыналар: «жеке-даралық», «дербестік», «мейірімділік», «шығармашылық», «белсенділік», «ұжым».

Жоғарғы сыныптарда оқушылардан тез қарқынды өзгертін әлемге бейімделу қабілеттерінің арту мүмкіндіктері күтіледі.

Тәрбиелік іс-шаралар ұжымдық қарым-қатынасты, қоғамдық өмірдің белсенді және саналы қатысушыларын тәрбиелеуді, тұлғаның рухани құндылыққа негізделген азаматтық позициясын қалыптастыруда үлкен роль атқарады.

Тәрбиелеу мазмұнын жаңарту жағдайында тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру әдістері мен нысандарын таңдап, іріктеп алу өзекті мәселе болып табылады. Әртүрлі сыныптан тыс оқу жұмыстарының ролі және олардың тәрбиелік әлеуеті артады.

Сыныптан тыс деген түсініктің өзі ондай іс-шараны жүргізу үшін сыныптың толық қатысуын талап етпейді, оған өз еріктерімен басқа да сынып оқушылары қатыса алады және ол іс-шара міндетті оқу сабақтарының кестесінен тыс өткізіледі. Осыған байланысты сыныптан тыс оқу жұмыстарының нысандарына мыналар жатады: пәндік үйірмелер, ғылыми қоғамдар, олимпиадалар, конкурстар және т.б.

Шығармашылық іс-қимылдың жетекші нысаны ретінде үйірмелерді, шығармашылық бірлестіктерді, студияларды, факультативтерді, шығармашылық шеберханалардағы практикалық сабақтарды, дене шынықтыру секцияларын айтуға болады. Оларға қосымша шығармашылық іс-шаралардың нысандарына оқырмандар, көрермендер, тыңдаушылар конференциялары, өзіндік баяндамаларды қорғау, бұқаралық әдеби, музыкалық, театралды

мерекелер, балалардың жұмыстарының көрмелері жатады. Қосымша нысандарға өлкетанулық, фольклорлық экспедицияларды, мектептік клубтық бірлестіктерді, жарыстарды, конкурстарды, олимпиадаларды жатқызуға болады. Бұл оқу нысандарында іс-шараның жүйелі компоненті ретінде педагог бағыттайтын және дамытатын *балалар шығармашылығы* болып табылады.

Соңғы кездерде оқушылардың ғылыми қоғамдары құрылып, кеі тарала бастады. Олар үйірмелердің жұмыстарын біріктіріп, үйлестіреді, *ғылым мен техникаға арналған бұқаралық іс-шаралар өткізеді, білімнің әр саласы бойынша конкурстар мен олимпиадалар ұйымдастырады.*

Шығармашылыққа оқытудың ілеспе нысандарына *әртүрлі оқырмандар, көрермендер, тыңдаушылар конференциялары, көрмелер, бұқаралық мерекелер, экскурсиялар* жатады. Кітаптар, жазушының творчествосы, кинофильдер, театралды немесе теледидардағы қойылымдар, радиоспектакльдер оқушылардың зейіндерін өнердің өзекті шығармаларына аударады, балалардың өзіндік баға берудегі, пікір айтудағы мүмкіндіктерін жандандырады. Дайындық барысында оқушылар көркем шығармалармен өте жақын танысады және өздерінің айтар сөздерін терең дайындайды. Өзінің кіріспе сөзінде мұғалім баяндамаларда және пікір сөздерде қарастырылатын негізгі проблемалар шеңберін анықтайды. Қорытындылай келе мұғалім аса маңызды қорытындылар жасайды.

Көрме балалардың бейнелеу өнері, өлкетану және туристік жорықтар салаларындағы шығармашылық еңбектерінің нәтижелеріне арналады. Барлық оқушылар тартылатын дайындық жұмыстарының үлкен білімдік-тәрбиелік мәні бар. Осындай көрмелерде экскурсоводтар ретінде балалардың өздері қызмет етеді: олар түсініктеме береді, сұрақтарға жауап береді, сол жерде шығармашылық қызметі бойынша тәжірибе алмасуды ұйымдастырады.

Көпшілік мейрамдар музыкаға, бейнелеу өнеріне, киноға, театрға немесе көрнекті жазушы, ақын шығармашылығына назар аудару күні, апталығы, айлығы ретінде оқу-тәрбие жұмыстарының нысаны болып ұйымдастырылады. Олардың арасында балалар кітабы, театр, музыка, поэзия күндері апталықтары бар. Осындай мерекелер барысында балалар жаңа өнер шығармалары, ақын-жазушылар, суретшілер, композиторлар туралы ақпарат алады, олардың шығармашылық жоспарларымен танысады.

XX ғ. көрнекті әдіскерлері мен педагогтері: Д.Н. Кайгородов, В.В. Половцев, Е.А. Звягинцев, Н.Г. Тарасов, С.П. Аржанов, Н.П. Анциферов, И.М. Гревс, Б.Е. Райков және басқалар экскурсиялық практикаға сүйене отырып, мектептің экскурсиялық әдістемесін жасауға кірісті. Олар экскурсиялық іс теориясын дамытуға үлкен үлес қосты.

Экскурсия – тәрбиелеу мен оқытудың ұйымдастыру нысандарының бірі болып табылады, ол тікелей нақты жағдайда объектілерді, құбылыстарды және заңдылықтарды зерттеуге мүмкіндік береді, жалпыадамзаттық, мәдени, ғылыми және жеке тұлғалық құндылықтарды қалыптастырға көмектеседі [11].

Жалпы адамзаттық құндылықтарға меңгерілген білім, өмір, тірі табиғат, қоғам, адам сияқты жүйелер жатады.

Мәдени құндылықтар деңгейі мынадай білім жүйесінен «адам - табиғат – қоғам - мәдениет» тұрады, ол оқушылардың адами және эстетикалық құндылықтарын қалыптастырады. Бұл сонымен қатар адамның табиғатқа деген этикалық қатынасының нормалары мен идеалы болып табылады.

Құндылықтардың үшінші деңгейі — әлемнің ғылыми бейнесін қалыптастыратын білім беру саласының құндылықтары.

Төртінші – жеке тұлғалық құндылықтар деңгейі, оған білім, сезім және тұлғаның қоршаған ортамен қарым-қатынасы жатады.

Кез-келген жастағы топтар үшін экскурсия қатысушылардың қызығушылығын және оң көз қарасын тудырады.

Конкурстар, балаларды қызығушылықтары бойынша біріктіру мұғалімдердің жұмысының творчестволық сипаты, олардың таланттарды іздеп, дамыту туралы көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тәрбиелік іс-шаралар айлық шеңберінде жүргізіледі. Оларға жататындар: пьесаны жасау және оны қою, балалар салған суреттер конкурстары, еңбекпен жасалған ұсақ-түйек бұйымдар, техникалық құрылғылар және т.б.

Оқытуды ұйымдастырудың сыныптан тыс нысандары оқушыларға еркін алынған рухани-шығармашылық, денсаулық сақтау-спорттық, ойын-сауық іс-қимылдар арқылы өмірді жан-жақты терең түсініп-тануға, өзінің шығармашылық күшін дамытуға мүмкіндік береді. Олардың көмегімен балалар қосымша терең ақпарат алады, өмірге қажетті біліктер мен дағдылар қалыптастырады, оларды жаттықтырулар арқылы және практикада творчестволық тұрғыда қолдана білу арқылы бекітеді, өзінде шығармашылыққа деген ұмтылысты және қабілетті, мінез-құлықты іскерлікке тәрбиелейді.

— балалар өзінің мүмкіндігін асыра бағалаудан, өзін-өзі асыра мақтаушылықтан, эгоизмнен, ұжымға және мінез-құлық нормасына немқұрайды қараудан, олардың спорттағы, техникалық, драмадағы, хореографиядағы, әдебиеттегі, музыкалық шығармашылықтағы жетістіктерін шекте аса мақтаудың нәтижесінде туындайтын көре-алмаушылықтан сақтайтын адами тәрбиені қамтамасыз ету.

2. Тәрбиелік іс-шаралар: белгілеген мақсаттарға жету деңгейін өлшеудің критерийлері (бәсекеге қабілеттілік; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау; білімнің салтанат құруы; Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы; сананың ашықтығы)

Тәрбиелік іс-шараның жетістіктері деңгейін өлшеу критерийлері қоғамдық-мемлекеттік деңгейде қойылған мақсаттарға байланысты алынады, ондағы олардың негізгі міндеттері әлеуметтік-мәдени нормалардың сақталуын, берілуін, қайта орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Жаңарған мектеп жағдайында тәрбиелік іс-шаралардың алдына қойылатын мақсаттар мыналар:

- бәсекеге қабілеттілік;
- прагматизм;
- ұлттық бірегейлікті сақтау;
- білімнің салтанат құруы;
- Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық жолмен дамуы;
- сананың ашық болуы.

Қазіргі көзқарасты қарап көрейік [12].

1. Бәсекелік қабілет

25 жыл бұрын Қазақстан жаһандық қауымдастыққа өз тәуелсіздігін жариялады. Қазақстан 25 жыл тәуелсіз даму барысында 2030 стратегиясын уақытынан бұрын жүзеге асырып, дамыған 50 ел қатарына кіріп, 2050 стратегиясын, «100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» ұлт жоспарын іске асыруды бастады.

Қазіргі таңда Қазақстанның алдында 30 бәсекеге қабілетті елдер қатарына кіру бойынша жаңа мақсат тұр. Бұл ретте, Қазақстанның барлық мүмкіндіктері: үлкен аумақ, ресурстар, инвесторларды тартатын пайдалы қазбалар, Қазақстандағы бизнес субъектілерінің құқығы мен еркіндігін және шетелдік қаражат мүддесін қамтамасыз ететін заң бар.

Елбасының 2006 жылғы «Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» жолдауында ең алғаш рет аталған мақсатты индикаторларды қолданған болатын.

Әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігін бағалаумен көптеген жылдар бойы Дүниежүзілік экономикалық форум (WIF/ДЭФ), Менеджментті дамытудың халықаралық институты (IMD), Дүниежүзілік банк (World Bank).

Әлем елдерінің алдыңғы қатарлы бәсекеге қабілетті рейтингі болып, ДЭФ жыл сайынғы «Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі» есебі табылады.

Дүниежүзілік экономикалық форум 35 жыл көлемінде, жаһандық бәсекеге қабілеттілік есебінде көрініс табатын, елдердің бәсекеге қабілеттілік рейтингін жасайды.

Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі (ДЭФ ЖБИ) беделді халықаралық рейтинг және оған қатысу маңызды болып табылады, себебі, аталған рейтингте әлем елдерінің экономикалық дамуының тәуелсіз бағалануы көрініс табады.

Елдер санының жылдан жылға өзгеріс тауып жатқанын атап өткен жөн.

Осы ретте, ЖБИ-де 2016-2017 жылдары бағаланушы елдер санының 138 (өткен жылғы рейтингте 140 ел) құрағанын атап өткен жөн [13].

Рейтингке қатысудың критерийі сауалнама мәліметтерінің нәтижесі және олардың көрнекілігі болып табылады, сонымен қатар, жеке сектор мүддесіне өкілдік ететін респонденттердің қатысуы маңызды фактор ретінде қарастырылады.

Бәсекеге қабілетті экономикасы бар 10 ел [13].

ЖБИ 2016-2017	Елдер/экономикалар	ЖБИ 2015-2016	Мағынасы
1	Швейцария	1	>
екіншіден, жастардың саяси санасын қалыптастыру процесі жағымсыз құбылыстарға қарсы күресте жүреді. Сондықтан теориялық және тәжірибелік конференцияларда, форумдарда, жастар деңгейінде кездесулерде және басқа да қоғамдық ұйымдардағы баяндамаларда мұғалімдер осы (бюрократиялық, догматизм, реакционизм, экстремизм, паракорлық, сыбайлас жемқорлық және басқа да антиподыларда жалпы адамазаттық моралдар) бұл жағымсыз құбылыстардың сәйкессіздігі мен зияндылығын көрсету үшін талдауларды нақты қарастыру керек;

үшіншіден, жастардың саяси санасын қалыптастыру процесі барлық факторлардың өзара іс-қимылын, ең алдымен, тәрбие, білім беру және еңбекпен өзара байланысты қамтитын тұтас үдеріс болып табылады. Оларды отбасында, оқу орындарында және еңбек ұжымдарында жүзеге асыруға бағыттау керек.

Мұнда, біздің ойымызша, жастардың саяси санасын қалыптастыру процесінде жастардың әр адамның мақсаттары мен міндеттерінің жалпы қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне қатынасына баса назарын аудару қажет;

төртіншіден, жастардың саяси санасын қалыптастыруға кешенді көзқарас енгізу кезінде келесі ұсыныстарға назар аударған дұрыс:

- саяси, теориялық және саяси-практикалық мәселелерді зерттеуде жастардың қажеттіліктерін ескеру;

- жастардың мәдени-ағартушылық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жүйені әртараптандыру және мақсатты түрде ұйымдастыру;

- білім беру ұйымдарында білім беру нысандары мен құралдарын үнемі жетілдіру;

- патриотизм, интернационализм, халықтар достығы мен болашаққа деген сенім рухында жастарды тәрбиелеу жолдарын, құралдарын және нысандарын жетілдіру.

бесіншіден, жастардың саяси санасын қалыптастыру процесінің тиімділігін арттыру үшін идеологиялық жұмыстың теориясы мен практикасындағы тоқырауды еңсеру, бірінші кезекте бүкіл қоғамның рухани өмірге қатысын қайта қарау, саяси шындықтың құбылыстарын түсіндіруде догматикалық тәсілден бас тарту және барлық прогрессивті күшті әрбір адамның саяси санасын қалыптастыруға бағыттау қажет;

алтыншыдан, догматизм көріністеріне, моральдық, әлеуметтік тәуелділік және ресми теріс қылықтарға төзімсіз қарым-қатынасты, рухани және адамгершілік даму саласындағы гуманистік дәстүрлер мен критерийлерді жандандыру, саяси ойлаудың негізгі принциптерін шығармашылық пайдалану және дамыту. Осы көрсетілген ұсынымдар мен ұсыныстар, әрине, жастардың

саяси сана-сезімін тиімді қалыптастыру үшін барлық мүмкіндіктерді жоққа шығармайды.

Бұл олардың біліміне, кәсіптік даярлығына, моральдық құндылық бағдарларына және т.б. байланысты өмірдің, еңбегі мен тіршілігінің жалпы әлеуметтік және нақты жағдайларының әсерінен қалыптасады, тікелей бекімейді. Саяси сананың барлық компоненттері өздігінен емес, болжанатын заңды және табиғи процесс ретінде қалыптасуы маңызды. Мұның бәрі қазақстандық қоғамды жаңғырту жағдайында жастардың саяси санасын қалыптастыру мәселелерін әрі қарай шешуге тиімді мүмкіндіктер береді.

Көптеген проблемалар ғаламдық әлемнің тез өзгеруі, ал жаппай сананың «үй шеңберінде» қалуынан туындайды

«Ашық сана» деген не? Сананың ашықтығы:

- бұл үлкен әлемде не болып жатқанын, сіздің еліңізде не болып жатқанын, ғаламшардың өзінде болып жатқан нәрсені түсіну;

- бұл өзгеруге дайындық, жаңа, ерекше, стандартты емес нәрсені қабылдау мүмкіндігі;

- бұл қызығушылық пен оқуға деген ұмтылыс;

- бұл яғни кәсіби тәжірибе мен білімнен жоғары болу;

- бұл дәстүрлі «дұрыс» деп саналатын әдеттегі стереотиптер мен санаттардан арылу мүмкіндігі;

- бұл басқалардан үйрену, жақсы тәжірибе қабылдау.

Әрине, байланыс соқыр кейіпке түспеуі, мағыналы болуы, жалған сенімге құрылмауы керек.

Сананың ашықтығы әрдайым руханилықпен түйіскен - адамгершілік дамудың ең жоғары сатысы. Руханият зияткерлік, этикалық, эстетикалық құндылықтармен анықталады, олар нақты мақсаттарға айналады. Бұл жерде тоқырау болмауы керек. Осылайша сіз өзіңіздің туған жеріңізге деген сүйіспеншіліктің жоғары сезімін біле аласыз. Осы қағидаттарды сақтау арқылы біз аясы кеңіп «Туған елге» айналатын «Туған жер» бағдарламасын қабылдай аламыз [1].

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу деңгейін өлшеу критерийлері аспектісінде тәрбиелік іс-шараларды қарастырып көрейік.

Критерий – жүйенің дамуының, іс-қимылдың табыстылығының жалпылама көрсеткіші. Критериалды көрсеткіштерді анықтайтын бірнеше белгілердің қатарын бөліп көрсетуге болады.

Тәрбиелеудің жағдайын және нәтижелілігін бағалау үшін критерийлі-диагностикалық аппарат жасалады.

Объективтік критерийлер жүйелері ретінде жалпылама бағалау көрсеткіштері (индикаторлар) алынады, олар тәрбиелік процесстің мақсатты бағытын, оның жүйелілігін, мазмұндылығын және ұйымдастырушылық деңгейін, қолданылған әдістердің ғылыми негіздемелігін және тәрбиелеудің заманауи технологияларын, тәрбие объектілерінің кең қамтылуын сипаттайды.

Тәрбиелік іс-шаралар жүйесін ұйымдастыруда оның тәрбиелік әсерінің тиімділігіне, қорытынды нәтижесіне аса назар аудару қажет.

Нәтижеге бағытталу білімді ғана қамтып қоймайды, сонымен қатар тұлғалық, әлеуметтік, танымдылық, коммуникативтік даму тәжірибелерін де қамтиды.

Егер педагогикалық жазықтықтағы педагогикалық қызметтің нәтижесі оң болған жағдайда тәрбиелеудің нәтижелілігі және тиімділігі туралы сөз қозғауға болады. Тәрбиелік қызметтің нәтижесінің ерекшелігі оның анық еместігі және басқа іс-қимылдардың нәтижелерінің ішіне кіріп кетуі, сонымен қатар уақытта байланысты екендігі (нәтиже уақыт өте келе байқалады).

Педагогикалық қызмет мынадай жағдайларда:

- мақсатқа жетуге бағытталған қозғалыстың логикасын анықтауға болатындай басынан тәрбиенің мақсаты оның міндеттері анықталған болса;

- педагог өз қызметінде тәрбиенің табиғатына байланысты принциптер мен заңдылықтарға сүйенсе;

- нәтижесінде тек білім, білік, көзқарас қана қалыптасып қоймай, сонымен қатар өмірлік принциптерде, адамның қарым-қатынас жүйесінде өзгерістер байқалса, былайша айтқанда, оның жаңа сапаға бетбұрысы байқалған жағдайда *тәрбиелік болып саналады.*

Тұлғаның тәрбиесі табысты болуы үшін педагог индексі төмен балалардың жағдайын тұлғаның сапасының көріну деңгейін арттыра отырып, өзгертуі тиіс. *Жағдайды ауыстыру технологиясы көпәспектiлi тәрбиелiк iс-шараларда мүмкiн болады және ол мыналардан анықталады:*

- іс-шаралардағы іс-қимылдардың вариативтігі, өзінің құзыреттерін көрсету мүмкіндігін беретін жаңа іс-қимылды табатын оқушылардың саны арттады;

- төменгі индексті балаларды олардың тұлғалық қабілеттерінің мүмкіндігін ескере отырып, тәрбиелік іс-шараларға қатыстыру;

- оқушының іс-қимылының табысты болуын, қоршаған ортада ол өзін жаңа жағына көрсете алатын іс-шарадағы өзінің ролін іске асыруын қамтамасыз ету; оң моменттерді көрсете отырып, оқушының мұндай табысын жария ету (тіпті, табысты асыра сілтеп көрсету) қажет. Тәрбиеленуші өз күшіне өзі сенетіндей болуы тиіс.

3 кесте.

Тәрбиелік іс-шараның қойылған мақсаттарға қол жетімділік деңгейін өлшеудің үлгілік критерийлері

№ п/ п	Тәрбиелік іс-шараның мақсаты	Тәрбиеленушілерге қатысты мақсатқа қол жетімділік деңгейін өлшеу критерийлері		
		Олардың көріну деңгейлері		
		төмен	орта	жоғары
1	Бәсекеге қабілеттілік	Белсенділік, дербестікті, икемділікті, әлеуметтік	Белсенділікті, еркін таңдауды, өзіндік дамуға және өзіндік білім	Іс-шараларға өз еркімен белсенділігімен қатысады, өз

		жауапкершілікті танытпайды, өзіндік даму мен өзіндік білім алуға құлқы жоқ	алуға ұмтылуды анда-санда танытуы мүмкін	таңдауын жасай біледі, әрқашан өз іс-қимылына жауап береді, өзіндік дамуға және өзіндік білім алуға қабілетін көрсетеді және оның қажеттілігін түсінеді.
2	прагматизм	Білімді өз өмірінің бір бөлігі етуге, өз басымдықтарын реттеуге, ең маңыздыларды таңдап алуға және өмірде оларды біртіндеп қолдануға тырыспайды,	Анда-санда белсенділік танытады және білімді өзінің өмірлік тәжірибесінде анда-санда қолдануға тырысады	Жақын перспективадағы мақсатқа қол жеткізуге ұмтылады, білімді өзінің өмірінің тәжірибесінде қолданады.
3	Ұлттық ерекшеліктерді сақтау	Өз халқының және басқа халықтардың тілін, мәдениетін, дәстүрлерін меңгеруге ұмтылмайды	Өз халқының және басқа халықтардың тіл, мәдениет, дәстүрлер өзгешеліктерін жеткілікті дәрежеде біле бермейді.	Мынадай базалық құндылықтарды бағалайды және қабылдайды: «бірін-бірі түсінуге ұмтылу», «өзгенің позициясын түсіну», «халық», «ұлты» - өз ұлтына, өзге халықтарға құрметпен қарайды, өзінің ұлттық тиесілігін сезінеді, өз халқының және басқа

				халықтардың құндылықтарын, дәстүрлерін, тіл нормаларын қабылдайды, белсенді ынтымақтастықты көрсете біледі.
4	Білім мәдениеті	Өз оқуына жауапкершілікті сезінбейді, білімнің кең шеңбері және өз қызметі саласында терең білім бойынша ақпараттық хабардардығын, көп оқығандығын көрсету қабілеті жоқ	Өз оқуына жауапкершілікті анда-санда сезінеді, білімнің кең шеңбері және өз қызметі саласында терең білім бойынша ақпараттық хабардардығын, көп оқығандығын көрсету қабілетін анда-санда көрсетеді.	Оқуға саналы түрде қарайды, өзіндік оқу міндеттерін қз алдына қоя біледі және шеше біледі, білімнің кең шеңбері және өз қызметі саласында терең білім бойынша тұрақты түрде ақпараттық хабардардығын, көп оқығандығын көрсете біледі.
5	Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы	Қоршаған ортаны объективтік бағалай білмейді, әлеуметтік-мәдени кеңістікке бейімделу қабілеті жоқ, өзін-өзі тұрақты дамыту қажеттілігін сезінбейді.	Анда-санда қоршаған ортаны объективтік бағалай біледі, әлеуметтік-мәдени кеңістікке бейімделу қабілеті байқалады, өзін-өзі тұрақты дамыту қажеттілігін сезінеді..	Әлеуметтік-мәдени кеңістіктің принциптерін, бейіндерін, эталондарын меңгеруге қабілетті, өзінің өмірлік траекториясын өзі іске асыру үшін әлеуметтік мүмкіндіктерін пайдалана біледі.
6	Сананың ашықтығы	Өзгерістерге ашықтық, әлеуметтік құндылық және	Өзгерістерге ашықтық, әлеуметтік құндылық және	Тапқырлықты, сенімділікті, оптимизмді, әлеуметтік

		өзінің тәжірибесі негізінде әртүрлі әлеуметтік рольдерді орындау білігі сезілмейді.	өзінің тәжірибесі негізінде әртүрлі әлеуметтік рольдерді орындау білігі анда-санда сезіледі.	құндылық және өзінің тәжірибесі негізінде әртүрлі әлеуметтік рольдерді орындауда жоғары креативтік білігін көрсете біледі.
--	--	---	--	--

МАҚСАТ: БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК.

Ғылыми әдебиеттегі бәсекеге қабілеттілік анықтамасын талдау негізінде олардың барлығы негізінде жоғары оқу орындарына қатысты екенін байқауға болады. Сонымен қатар бүгінгі күні оның бірыңғай біріздендірілген түсінігінің жоқ екенін айтуға болады.

Түлектердің бәсекеге қабілеттілігі мынадай көрсеткіштер арқылы қалыптасады және сипатталады:

- экономикалық – еңбек нарқындағы түлектің бәсекеге қабілеттілігі;
- психологиялық-педагогикалық – кәсіптік қызметтерді табысты орындау үшін қажетті жеке мінездемелері мен біліктері;
- ұйымдастыру-нормативтік – дайындықтың нормаларға, стандарттарға, ережелерге сәйкестігі;
- әлеуметтік – әртүрлі әлеуметтік-рольдік позицияларды, кәсіптің этикалық нормаларын қабылдауға дайындығы [27].

Голубятникова Н.В. *бәсекеге қабілеттілікті бәсекелестік іс-қимылдарды атқара білу қабілетінің жиынтығы деп қарастырады* және терминнің осы анықтамасы бұл авторға ең тиімді болып көрінеді, оның ішінде жалпы орта білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін анықтағанда да әділетті деп есептейді [28].

Бәсекеге қабілеттілік – тұлғаның интегративтік мінездемесі, бәсекеге қабілеттіліктің құрылымдық компоненттерінің өзара икемді байланысын көрсететін белгілі бір интегративтік критерийлердің болуына қажеттілік туындайды. Ондай критерийлер ретінде бәсекеге қабілеттіліктің *ішкі критерийлері алынады*:

- әртүрлі стандарттық емес әлеуметтік /болашақта кәсіптік міндеттерді тиімді шешу,
- әлеуметтік /келешекте кәсіптік функцияларды атқару мүмкіндігіне және өзіндік жетілуге ұмтылуға қанағаттану,
- әлеуметтік/ келешекте кәсіптік функцияларын іске асыру үшін қажетті сапанның және қабілеттердің көрінуі [29].

«Бәсекеге қабілеттілік» мақсатына жету деңгейін өлшеу критерийлері: өзіндік білім алу, белсенділік, дербестік, әлеуметтік жауапкершілік, икемділік.

1) Өзіндік білім алу. Өзіндік білім алудың негізіне іс-қимыл амалдары, жекетұлғалық мағына, сапалар мен біліктер жатады:

- мақсат қою, оған жетудің құралдары мен әдістері, қойылған міндеттің мағынасын түсіну, өз іс-қимылыңды талдау және бағалау, мағыналық акценттерді қоя білу;

- қоршаған ортаны қабылдай білу, өз іс-қимылыңа және айналаңдағылардың қылықтарына сыни және өздік сынмен қарай білу;

- саналы таңдау жасай білу және сол үшін жауап беруге дайын болу;

- өзіндік білім алу іс-қимылын іштей ынталандырудың жаңа тәсілдерін ойлап табу және қолда барды пайдалана білу, осының негізінде өздік әсер және өздік сүйемелдеу инструментарийін жасау;

- жеке білім беру қызығушылықтарын және тұтынушылықтарын кеңейту.

Нағыз өзіндік білім алу ақыл-ой қызметінің рационалды тәсілдер жүйесінің жақсы қалыптасқан ақыл-ой еңбегі мәдениетінсіз мүмкін емес. Ол білімді қабылдау, өңдеу және беру процесстерінен тұрады.

Ол үшін қабылдаудың, зейіннің, жадының, ойлаудың, креативтіктің, өзіндік реттеудің барлық компоненттерінің дамуының жоғары деңгейі қалыптасқан болуы тиіс. Сондықтан өзіндік білім алу мәдениетін қалыптастыру танымдылық, шығармашылық және рефлексивтік қабілеттердің дамуынсыз мүмкін емес.

Г.М.Коджаспированың пікірі бойынша өзіндік білім алу мәдениеті деп өзіндік білім алудың барлық компоненттерінің жоғары даму деңгейін айтады, сонымен қатар толыққанды танымдылық-байқаушы (өзіндік оқудан тұлғаның нақты сапасының қалыптасуына дейінгі) іс-қимылын жүргізу үшін қажетті қабілеттердің, білімдердің, білік пен дағдылардың жүйесін де айтады.

Өзіндік білім алудың ерекше құндылығы — дербес ізденістік ойлануда, еркін таңдалған білім саласындағы білімді еркін меңгеру.

Бұл тип еркін эксперимент жүргізу, рухани мінез-құлық түріне жатады [30].

Дамитын қоғамға заманауи білімді кәсіпқой адамдар қажет, ол адамдар бастамашыл іс-қимыл жасауға, таңдау жағдайында дербес жауапты шешім қабылдауға, ынтымақтастыққа әрдайым бейім болып келеді.

2) Бастамашылық. Бастамашылық жекетұлғалық сапа ретінде зерттеу зейініне жақында ғана ілінді, алайда алғашқы идеялар Б.М. Кедровтың, К.К. Платоновтың, С.Л. Рубинштейннің жұмыстарында айтылған болатын. А.И. Крупнов жасаған көпөлшемді-функционалды тәсіл шеңберінде бастамашылық проблемасы бірқатар жұмыстарда (Н.В. Тучак, А.Э. Пятинин, С.М. Зиньковская, И.З. Кезикова, А.Ю. Польская, Линь Яцянь, Э.И. Карамова, В.И. Байков, А.С. Жарикова және т.б.) қарастырылған.

Бастама (инициатива) (лат. initia-ге - бастау) – әлеуметтік өмірдің әртүрлі саласында адамның өздік іс-қимылдық қатысуы, оның барысында адам белгілі-бір есепті шешу барысында өмірге белсенді өткізгіш ретінде жауапкершілікті өзіне алады; оның қоғамдық және саяси белсенділігінің көріну нысаны болып табылады. Бастама еркін іс-қимылда (қоғамда, топта, жеке қызығушылықта),

еңбекке шығармашылық қатынасы және мінез-құлықтың (әдет-ғұрып, адами, дәстүрлі) қалыптасқан тәртібінде көрініс табады [31].

Бастама (инициатива) (франц. initiative) – әлдебір істе алғашқы қадам болып табылады; іс-қимылдың жаңа нысанына деген ішкі талпыныс, ол баланың дамуының аса маңызды көрсеткіші. Іс-қимылдың жаңа нысанына ұмтылу балада бастамашылықты қалыптастырады. Мұндай бала әуесқой болады, ол өзінің сұранысына сәйкес өзі ойындарды ұйымдастырады, қарым-қатынас орната біледі.

Ғалымдар арасында «бастамашылық» деген термин бойынша бірдей ортақ пікір жоқ. Е.П. Ильин бастамашылықты дербестіктің жеке бір түрі ретінде қарастырады; басқа психологтар үшін «бастамашылық» ең алғаш адамның жеке тұлғасының мінездемесі, оның ішкі сұранысы бойынша мінез-құлқы және іс-қимылы; педагогтер бастамашылық ретінде білім алушылардың сапасын түсінеді, ол танымдық қызығушылық пен қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталады.

Бастамашыл төменгі сынып оқушысы – бұл өзінің іс-қимылын жоспарлай алатын, алдына міндеттер қоя алатын және оларды біртіндеп шеше алатын бала, ол дербес, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, тіл қатқыш, іс-қимылға шығармашылық көзқараспен қарай алады [32].

Жоғарғы сынып оқушыларының арасында бастамашылық ішкі белсенділік ретінде және әртүрлі салаларда және нысандарда көрініс табады, бірақ кез-келген іс-қимылға қажетті қасиеттерді: мақсатқа ұмтылушылықты, дербестікті, жауапкершілікті, табандылықты және т.б. ынталандырады және дамытады [33].

3) Дербестік. Төменгі сынып оқушыларының психикалық дамуының сензитивтілігін, педагогикалық әсерді қабылдай білулерін ескере отырып, балалардың дербес білім алуларына және оны қолдану білуге, жауапты қызмет етуге, тәуелсіз ойлауға және қимылға, өз қызметін және мінез-құлқын ұйымдастыруға үйрету аса маңызды. Осы тұрғыдан қарағанда оқушылардың тұлғалық сапасы ретінде дербестікті қалыптастыру тәрбиелеу саласындағы өзінше әлеуметтік сұраныс деп қарастыруға болады, сондықтан оның қоғамдық және педагогикалық маңыздылығы бар.

Оқушылардың дербестігін қалыптастырудың әртүрлі аспектілері Е.Н.Шияновтың, П.И.Пидкасистоның, Н.Ю.Дмитриеваның, З.Л.Шинтарьдің және т.б. еңбектерінде қарастырылды.

Педагогика бойынша заманауи анықтамалық әдебиеттерде дербестік интегративтік сапа ретінде тұлғаның жетекші сапасының бірі болып анықталды, ол бойынша белгілі бір мақсат қоя білуі, оны өз күшімен табандылықпен орындай білуі, өз қызметіне жауапкершілікпен қарауы, таныс жағдайда, сонымен қатар стандарттық емес шешім қабылдауға мәжбүр ететін жаңа таныс емес жағдайда саналы және бастамалық түрде іс-қимыл жасауы талап етіледі [34].

4) Әлеуметтік жауапкершілік. Әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелеудің заманауи басымдықтары Е.В.Бондаревскаяның, Г.Н.Волковтың, А.В.Головатенконың, Т.Ф.Иванованың, Ф.И.Иващенконың, Е.Б.Клинкованың,

Л.А.Радзиховскийдің, М.С.Славинаның, В.И.Селиванованың, Б.И.Хасанның, М.В.Целуйконың және т.б. еңбектерінде қаралды.

Педагогикалық психологияда жауапкершілік деп әртүрлі нормалар мен ережелерді орындау бойынша субъектінің іс-қимылына әртүрлі нысандардағы бақылауды айтады.

Жауапкершілік – жігерлілік сапасы теориясындағы ең қиын феномендердің бірі болып саналады. Оны тұлғаның эмоционалдық, адами және дүниетанымдық жақтарымен тығыз өзара байланысы үшін «жоғары сатылы сапа» деп атайды. Осы сапа тұлғаның жалпы қабылданған әлеуметтік нормаларды өз мінез-құлқында сақтауға, өзінің міндеттерін орындауға және қоғам және өз алдында өз іс-қимылы үшін жауапкершілікті сезінуге бейімділігін көрсетеді.

Әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелеу жүйесі, дүниетанымды қалыптастыру оқушыны сыртқы бақылаушы позициясынан белсенді іс-қимылға жетелейтін қозғалыс векторының бағытын қамтамасыз етеді, білім беру процессінің барлық субъектілерінің психологиялық жайлылығын, жариялылықты, тиімді серіктестік қарым-қатынасты, барлық қатысушылардың өз іс-қимылдарының орындылығын түсінуін қамтамасыз етеді. Өскелең адамның әлеуметтік жауапкершілігін дамыту проблемасы қазіргі кезде әсіресе өзекті мәселеге айналып отыр, себебі жалпы іс-қимылдың табыстылығы әрбір адамның жеке басы үшін, басқа адам үшін, ортақ іс үшін жауапкершілігіне тікелей байланысты. Әлеуметтік жауапкершілік әруақытта дүниетанымдық мағынамен тікелей байланысты, себебі ол тұлға ретінде кемелденген адамның санасына негізделеді. Жауапкершілік – ең алғаш тұлғаның әлеуметтік типтілігін сипаттайтын сапа болып табылады.

Осы сапаның төменгі сынып оқушыларында көрінуін қарастырайық. Осы жастағы балалардың жауапкершілігінің көрсеткіштері ретінде К.А.Климова мыналарды бөліп көрсетеді: балалардың берілген тапсырмаларды орындаудың басқалар үшін маңыздылығы мен қажеттілігін түсінуі; берілген тапсырмаларды табысты орындауды үшін іс-қимылдың бағыттылығы (бала өз уақытында іске кіріседі, қиындықты жеңуге тырысады, бастаған істі соңына дейін жеткізеді және т.б.); тапсырма, оның сипаты және орындалуын бойынша эмоционалды күйзелу (қиын тапсырма берілгені үшін ризашылық, табысты орындауға жаны ашиды, табысты орындағаны үшін қанағаттану сезімінің пайда болуы, басқалардың бағасын тағатсыздана күту және т.б.); берілген тапсырманы орындау бойынша жауап беру қажеттілігін сезіну [35].

Әлеуметтік жауапкершілік феноменін талдауда тұлғаның қарым-қатынас концепциясы практикасы ескеріледі (А.Ф. Лазурский, В.Н. Мясищев), онда жауапкершілік қарым-қатынас деп жоғарғы сынып оқушыларының тұлғалық сапалары мен қасиеттерінің толық кешенінің қалыптасу деңгейін белгілейтін әлеуметтік-адами тәрбиесінің кең және интегративтік сипаты: *жеке жауапкершілікті сезіну, өз іс-қимылының, мінез-құлқының нәтижелері үшін борыштылығын сезіну, әлеуметтік функцияларды орындау жетістілігін сезіну, қоршаған адамдармен қарым-қатынас жүйесін қалыптастыру,*

олармен бірігіп қойылаты талаптар мен нормаларға сәйкес қоғамдық-пайдалы іс-қимыл атқару қарастырылады.

Әлеуметтік жауапкершілік – субъектінің іс-қимылын өзін-өзі реттеудің ішкі нысаны, ол әлеуметтік құндылықтар, нормалар мен ережелерді интероризациялау нәтижесінде біріккен іс-қимылда қалыптасады. Әлеуметтік жауапкершілік оқушының өз ұжымында қабылданған дәстүрлерлер және нормаларды өзінің қоғамдастығымен біріге отырып, психологиялық тұрғыда сезіну ретінде қарастырылады. Трубников А.П. тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігін жоғары сынып оқушыларының тұлғалық құрылымындағы біртұтас білім ретінде қарастырады. Ол бір-бірімен тығыз байланысты үш компонентті қамтиды: – когнитивтік, эмоциональды-жігерлік және практикалық-іс-қимылдық компоненттер.

А.П.Трубников жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік жауапкершілігінің қалыптасуының негізгі критерийлері мен көрсеткіштерін анықтады:

Когнитивтік сферада – әлеуметтік қызығушылықтың кеңдігі, оның орнықтылығы, тереңдігі; өз іс-қимылының нәтижесіне жеке жауапкершілігін сезіну деңгейі, борыш, намыс, қадір-қасиеті туралы терең көз-қарастың, нағыз адамгершіліктің қалыптасуы; әлеуметтік позицияның қалыптасуы, оқушының қоғамдық-пайдалы іс-қимылмен айналысуының тұрақты позитивті әлеуметтік құнды мотивациясының бар болуы;

Эмоциональдық сферада – жоғары сынып оқушысының мініз-құлық пен қарым-қатынасты эмоционалды жігерлі өзіндік реттеу қабілеті; бірге қуану, бірге күйзелу, мейірімділік, өз ұжымының жетістіктері мен сәтсіздіктерін бірігіп сезіну, эмоционалды орнықтылық; эмпатияға, перцепцияға қабілеттілік; өз пайдасын ойламаушылық, альтруизм;

Практикалық-іс-қимыл сферасында – жоғары сынып оқушысының белсенді қоғамдық-пайдалы қызметпен, ұжымдық шығармашылықпен айналысуға, белсенділік көрсетуге, бастамалыққа, қоршаған ортаға және ұжым жұмысына немқұрайды қарамауға ұмтылуы, әлеуметтік іс-қимылдың мақсатына жету қозғалысының логикасын тұрғызу; адамгершілік нормаларды, адамгершілік борышты адал орындау, ұжымның тапсырмасын сапалы орындау, өз іс-қимылы және қылықтары үшін жауап беруге дайындығы және т.б. қарастырылады.

Жоғарғы сынып оқушыларында әлеуметтік жауапкершіліктің қалыптасуының негізгі критерийі - тұлғаның белсенділігінің әлеуметтік бағыттылығы болып табылады. Сонымен қатар, тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігінің критерийлері ретінде оның орнықтылығы және нәтижелілігі алынады.

Жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік жауапкершілігінің қалыптасуының үш деңгейі бар: субъективтік-шығармашылық (жоғары), нормативтік-қосылған (орта) және бейімделу-орындаушылық (төмен).

Әлеуметтік жауапкершіліктің субъективтік-шығармашылық (жоғары) деңгейі тұлғаның белсенді әлеуметтік позициясының, субъектіліктің жоғарғы деңгейінің, ұжымдық істердегі тұлғаның шығармашылығының,

әлеуметтік-адамгершілік құндылықтар мен қызығушылықтардың орнықты жүйесінің, құбылыстар мен процесстерді объективтік бағалау қабілетінің, эмоционалды-жігерлі өзіндік реттеу қабілетінің, өз қызметі мен мінез-құлқын бақылаудың, ұжымның тапсырмаларын белсенді және адал орындауға, өз іс-қимылына жауап беруге дайын, қоғамдық-пайдалы қызметке және қоғамдық пайда әкелуге ұмтылудың болуын талап етеді.

Әлеуметтік жауапкершіліктің нормативтік-қосылған (орта) деңгейі тұлғаның әлеуметтік позициясының белгісіздігімен, оның әлеуметтік қызығушылығының шектеулігімен, әлеуметтік құбылыстар мен процесстерді субъективті бағалаумен, қоғамдық-пайдалы іс-қимылға қажеттіліктің тұрақсыздығымен, эмоционалды-жігерлік өзіндік реттеу қабілетінің әлсіздігімен, өз қызметі мен мінез-құлқын бақылау деңгейінің төмендігімен, өз іс-қимылына жауап беру деңгейінің төмендігімен, әлеуметтік маңызды іс-шараларға сирек қатысуымен сипатталады.

Әлеуметтік жауапкершіліктің бейімделу-орындаушылық (төмен) деңгейі тұлғаның белсенді әлеуметтік позициясының жоқтығымен, оның әлеуметтік қызығушылық дәрежесінің кедейлігімен, қоғамдық-пайдалы қызметке негативті көзқарастарымен, эмоционалды-жігерлі өзіндік реттеу деңгейінің, төмендігімен, өз қызметі мен мінез-құлқын бақылау деңгейінің төмендігімен, ұжым тапсырмаларын іріктеп орындауымен, өз іс-қимылына жауап беру деңгейінің жағдайға байланыстығымен; әлеуметтік маңызды акциялар мен іс-шараларға тек ұжымның қоғамдық әсерімен, өзіндік басқару органдары нұсқаушыларының талабы арқасында ғана қатысуымен сипатталады.

Мектептің жоғарғы сынып оқушыларының өз еңбектерінің процесстері мен нәтижелеріне нақты қызығушылығының ситуациясын жасау шарттарының бірі мектептегі тәрбиелеу жұмысының барлық жүйесін демократтау болып табылады. Оны жоғары сынып оқушыларының тұлғалық құқығын кеңейту деп түсіну қажет, оқушыға творчестволық ізденіс, жұмыстың мазмұнын, нысандарын және әдістерін таңдап алу, әртүрлі басқару қызметтеріне қатыстыру мүмкіндігі қарастырылуы тиіс [36].

5) Икемділік. Өнеркәсіптің бәсекелестік негізде жүргізілуі және оларды заманауи әдістермен басқаруға байланысты біздің қоғамға қалыпты емес, жаңа экономикалық процесстердің туындауы, жылдам әлеуметтік және психологиялық бейімделу қажеттілігі, кәсіптік мобильдік шығармашылық ойлау адамдарды психологиялық және практикалық даярлаудың жаңа жолдары мен құралдарын іздеуге қажеттілікті тудырады. Педагогтің міндеті оқушыларда ойлау қабілетінің икемдігін және ерекшелігін дамыту болып табылады, сонымен қатар, конвергенттік ойлауды қалыптастырудан дивергенттік ойлауды қалыптастыруға өтуді қамтамасыз етуі тиіс, себебі дивергенттік ойлау жоғарғы сынып оқушысының ойлау икемділігінің негізгі сипаттамасы болып табылады.

Ақыл-ой икемділігі - жағдайды оның дамуына байланысты көре білу қабілеті: жағдайды оның құрамаларына бөлу, қайта бөлу, проблемаға (міндетке) басқа бұрыштан қарау және оқиғалардың немен бітетін барлық варианттарын

жорамалдай білу. Икемді ойлау көпдеңгейлі таным және жан-жақты түсіну қабілетін тудырады.

Егер тәрбиелік іс-шараларда оқушылардың ойлау икемділігін дамыту бойынша жұмыстар жүргізсек, онда оқушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізуге қызығушылықтарын арттыруға себеп болады, себебі икемді ойлайтын адам іздену жұмыстарына қабілетті болады, жаңа тәсілдерді жеңіл меңгереді, ол қосалқы мағынасы бар бірнеше идеяларды ұсынуға қабілетті, ол тәжірибенің шеңберінен, фиксацияланған функциялардың шеңберінен шығуға қабілетті, міндеттердің шарттарын жоғары деңгейде талдауға көтерілуге және ол міндеттерді шешуге қабілетті [37].

МАҚСАТ: ПРАГМАТИЗМ. XIX ғасырдың 90-жылдары АҚШ-та «прагматизм философиясы» пайда болды (негізін қалаушылар Ч.Пирс, У.Джеймс). Прагматизм бағыттары (грек тіл. прагма- іс, іс-қимыл) шындық практикалық мағыналыққа негізделеді деп қарастырылады: «не пайдалы болса, сол шындық». Прагматиктер шындық критерийі ретінде пайдалылықты алады, бұл жағдайда пайдалылықтың маңыздылығы «ішкі қанағаттану» сезімімен немесе өзіндік қанағаттықпен анықталады.

Педагогика саласында прагматизмнің аса көрнекті өкілі ретінде американ философы және педагогі Джон Дьюиді (1859-1952) айтуға болады. «Келешек мектебі» атты өзінің еңбегінде Д. Дьюиді тәрбиені оның әлеуметтік мазмұнын тереңдету мақсатында тәжірибенің жинақталуы және қайта құрылу процесі деп қарады, оның ойынша баланың әлеуметтік тәжірибені жинақтауы оны тұлға болып қалыптасуына әкеліп тірейді [38].

Прагматизм – тұлғалық ерекшелік, ол үнемділікте, іскерлікте, өзінің қызығушылығын бірізділеп сақтауында, әуестігі тек өміріне маңызды салаларда ғана, өмірлік жағдайларда тек өзінің пайдасын үнемі іздеуінен, мақсатқа қысқа жолмен баруынан, күшін жұмылдыра білуінен байқалады.

Прагматисттік – ол қоршаған жағдайдан тек өзінің пайдасын ғана алып қана қоймай, сонымен қатар өмірлік нақты мақсаттар қоя білуімен, оны іске асырудың үнемді әдістерін таба білумен ерекшеленеді. **Прагматисттіктің маңызды қасиеті** – өзінің басымдықтарын ранжирлеу білігі, аса маңыздыларын іріктеп алу және оларды өмірде іске асыру. (<https://www.kakprosto.ru/kak-80363-chto-takoe-pragmatichestvo>)

Бүгінгі күнгі оқушылар, аға ұрпақтардың ойынша, жақсы прагматисттікпен ерекшеленеді. Олардың көпшілігі кәсіп болмаса да, қызмет саласын қазірдің өзінде нақты таңдап алды деуге болады. Сондықтан өз күштерін және таланттарын мақсаттан басқаға жұмсауды жөн көрмейді.

«Прагматизм» мақсатына жету деңгейін өлшеу критерийлері: үнемділік, іскерлік, кәсіпкерлік.

1) Үнемділік. Үнемділік тұлғаның сапалық көрсеткіші – күрделі проблемаларды оңай шеше білу білігі, практикалық, өмірлік істерде оңай шешімін таба білуі, тұрмыстық мәселелерді шеше білуі, жеткілікті дәрежеде бастамалықты және іскерлікті көрсете білуі, өз ісінде нақты нәтиже беретін бағытты таңдай білуі. Осы мақсатта даму процессін әрқашан талдау,

салыстыру, жасап көру, байқау қажет болады, өз ақыл-ойын сауатты қолдана білу қажет.

2) **Іскерлілік.** Іскерлілік тұлғаның сапалық көрсеткіші ретінде – іс-қимылдың жеке стилінің көрсеткіші, істің мүддесіне нақты бағытталған іскерлік стиль, үнемді ұйымдастырылған белсенділікті көрсете білу қабілеті; іскерлілік стильді көрсете білу, іскерлік ұстау, түсінгіштік, жұмыста біліктілік және кәсіпкерлік (<https://vocabulary.ru/termin/delovitost.html>).

3) **Кәсіпкерлік.** Бұл тұлғаның адамгершілік-жігерлік сапасы, бұл сапа тиімді және тиісті шешімдерді тез таба білу қабілетін, керекті моментте қажетті іс-қимылдарды қолдану білу қабілетін көрсетеді. *Кәсіпкерлік мынадай қасиеттерге ие: үнемділік, тапқырлық, ойлап тапқыштық, белсенділік, жауапкершілік және тәуекелге қабілеттілік.* Кәсіпке адам дербес іс-қимылдар жасауға қабілетті, тәуекелге барғыш, қарым-қатынастың жаңа нысандарын қолдануға әзір, өзіне-өзі сенімді. (<http://didacts.ru/termin/predpriimchivost.html>)

МАҚСАТ: ҰЛТТЫҚ БАЛАМАЛЫҚТЫ САҚТАУ. *Ұлттық баламалық құрылымына М. Барретт мынадай екі компонентті жатқызады: 1) когнитивтік 2) аффективтік.* Когнитивтік компоненттің мазмұны: ұлттық топтардың бар екендігі туралы білім, ұлттық территория туралы білім, символика, салттар, дәстүрлер, тарихи оқиғалар және батырлар, өзін осы ұлттық топқа жатқызу; өзінің ұлттық тобына шығу тектерінің бір екендігін, туыстық жақындықтарын, типтік сапалық көрсеткіштерінің бірыңғай екенін көрсету. Ұлттық баламалықтың аффективтік компоненті субъективтік өзектілікті және міндеттеме деңгейін құрайды. Ұлттық баламалықтың міндеттеме деңгейі индивидтің белгілі бір ұлттық топқа қатыстылығының, белгілі ұлттық топқа жататын сезімінің, белгілі территорияда тұратындығы туралы сезімінің маңыздылығын анықтайды. Сонымен қатар, ұлттық баламалықтың аффектілік компонентіне мынадай сезімдер жатады: ұлттық мақтаныш немесе ұят, ұлттық өзін-өзі құрметтеу және т.б.

Ұлттық баламалықтың жасқа байланысты дамуын Ж. Пиаже зерттеді. Мысалы, ұлттық баламалықтың дамуын ол Отан деген түсінікпен байланысты когнитивтік модельдер жасау деп түсіндірді. Мұндай білімдер ұлттық сезімдер арқылы көрінеді.

Ұлттық баламалықты қалыптастыру процессінде Ж.Пиаже үш кезеңді бөліп көрсетеді:

1) 6 - 7 жастағы бала өзінің ұлттық белгілері туралы алғашқы , фрагментарлық, жүйелік білім алады. Бұл кезеңде мемлекет және ұлт маңызды емес, отбасы және жақын қоршаған орта маңызды болып көрінеді.

2) 8 - 9 жастағы бала өзін өз мемлекетімен тығыз ұштастырады. Баламалықтың негізін ата-аналардың ұлты, тұрған жері, ана тілі құрайды. Осы мезгілде ұлттық сезім пайда болады.

3) 10 – 11 жастағы баланың ұлттық баламалығы толық дәрежеде дамиды. Бала халықтардың айырмашылығын, олардың ерекшеліктерін, тіліне, тарихына, мәдениетіне және т.б. байланысты түсіне біледі [39].

Ұлттық баламалық көпмәдениетті тәрбиенің бір бөлігі болып табылады, оның өзі, көпмәдениетті білімге сүйенеді.

Басқа халықтардың салттары, дәстүрлері, мәдени құндылықтары, мінез-құлықтың стереотиптік нормалары туралы білімдер негізіне өз мәдениетінің этникалық ерекшеліктерін толыққанды меңгеру жатады, басқа халықтың, этникалық ұжымның мәдениетін тек өз халқының даралығын құрметтей және түсіне алатын адам ғана түсіне алады. Көпмәдениетті тәрбие мынадай бірізділікпен іске асырылуы тиіс:

1. Ұлттық тәрбие, оның барысында өз халқына деген сүйіспеншілікті және құрметті, халқының мәдени-тарихи жетістіктерін бойына сіңіру;

2. Балаларды ұлттық жақын өкілдермен таныстыру, басқа ұлт өкілдерімен олардың дәстүрлерін, салттарын білу негізінде мейірімділік қарым-қатынас қалыптастыру;

3. Алыс халықтардың этникалық даралықтары туралы білім алу негізінде әлемнің ұлттық әртүрлілігіне оң эмоционалдық қарым-қатынас қалыптастыру.

Сонымен, оқушылардың этномәдениетті әлеуметтену процесі өз халқының мәдениетін түсінуден бастау алады, этникалық баламалықты қалыптастырудан басталады. Осы процесс білім беру жүйесінде іске асырылады. Педагогикалық ұжымда көпмәдениетті тәрбиенің мынадай бағыттары есепке алынуы және бірдей қаралуы қажет:

1. Ақпараттық қанығу (әртүрлі халықтардың дәстүрлері, салттары, олардың мәдениеттері мен құндылықтарының ерекшеліктері және т.б. туралы хабарлар);

2. Эмоционалдық әсер ету (бірінші бағытты іске асыру процесі барысында баланың рухына сезім деңгейінде әсер ету);

3. Мінез-құлық нормалары (халықтар арасында өзара қарым-қатынас нормалары, этикет ережелері туралы баланың білімі, ол білім баланың өз мінез-құлқымен міндетті түрде бекуі тиіс).

Төменгі сынып оқушыларының этникалық топтарға кіргізілуінің көрсеткіші ретінде мыналарды айтуға болады: сөйлескенде ана тілін қолдануы; ұлттық киімнің элементтерін қолдануы; ана тілінде кітаптар мен журналдарды оқуы; халықтың меркекесіне қатысуы; мінез-құлқында, іс-қимылында өз этносының дәстүрлері мен салттарын сақтауы; ұлттық ойындарға қатысуы [40].

«Ұлттық баламалық» мақсатына жету деңгейін өлшеу критерийлері: ұлттық қадір-қасиет, толеранттық, белсенді ынтымақтасстық.

1) **Ұлттық қадір-қасиет** – тұлғаның өзінің қай ұлтқа жататынын сезініп, білуі, өзін өз халқымен, оның тарихымен және мәдениетімен баламалауы, өзінің ұлттық дәстүрлерін, салттарын танып, білуі. Ұлттық қадір-қасиет – әлемдік өркениет пен басқа халықтардың мәдениетінің дамуымен салыстырғанда өз ұлтының орны мен ролін түсіну. Ол өз халқы үшін мақтаныш, мәдениеті мен тарихына сүйіспеншілікпен, өз ұлтының қазірі мен болашағына жауапкершілік, өз ұлтын басқа халықтар алдында көрсете білу сезімімен анықталады. (<http://didacts.ru/termin/nacionalnoe-dostoinstvo.html>).

2) **Толеранттық**. Толеранттық (лат.сөз, tolerancia - төзімділік) - тұлғаның басқа адаммен тең тұлға ретінде қарым-қатынасын сипаттайтын сапа, ол басқалардың өзгешелігіне (сыртқы бейнесі, сөйлеу манерасы, талғамы, өмір сүру образы, көзқарасы және т.б.) байланысты оларды қабылдамау сезімін

саналы түрде басумен анықталады. Толеранттық басқаларды түсінуге, олардың басқадай болу құқығының бар екендігін сезінуге бағытталады (https://dic.academic.ru/dic.nsf/enc_philosophy/3483).

3) **Белсенді ынтымақтастық** – бұл тек әлеуметтік факт ғана емес, сонымен қатар бірдей ойлауға, қызығушылықтың ортақтығына және бірге жауапкершілікке негізделген моральдік құндылық және іс-қимыл. (<http://slovochel.ru/sol-aktivnaja.htm>).

МАҚСАТ: БІЛІМНІҢ САЛТАНАТ ҚҰРУЫ. Білім және білімнің мазмұны туралы ғылым - эпистомологияға алғашқы үлес қосқан Конфуций болды. Ең бірінші және негізінде білім адамгершілік тұрғыда болуы қажет. Білім қоғамда тәртіптің және гармонияның болуына оң әсерін тигізуі қажет. Жаңа нәрсені білу және оны тани білу, танылған мәселе туралы ойлау және оны өмірді іске асыру - адамның өзіндік жетілуінде және дамуында негізгі болып табылады (<http://historylib.org/historybooks/Vasilev-L-C- Drevniy-Kitay--Tom-3--Period-CHzhango--V-III-vv--do-n-e--/33>).

Білімнің салтанат құруы қазіргі кезде ақпараттық қоғамның негізгі көрсеткіштерінің бірі болып саналады. Ол қоғамның моралінде материалдық әл-ауқаттыққа ынталандырудан гөрі рухани өзіндік жетілдіруге ұмтылу қажеттік деп саналады деген сөз. Білімнің салтанат құруы – бұл ақпараттық қоғамдағы адамның барлық басқа талаптарына әсер ететін әлеуметтік-психологиялық талап.

Жаһанды ақпараттық қоғамда *бесінші ақпараттық революция аспектісінде білімнің салтанат құруы маңызы артады, бірыңғай ақпараттық телекоммуникациялық инфрақұрылымға*, барлық мемлекеттер мен континенттерді қамтитын шекарааралық жаһандық ақпараттық-телекоммуникациялық желілерге байланысты білім қорына сәйкес білімнің салтанат құруы мәртебесі жоғарылайды.

Өзінің әрбір деңгейінде білім білімді, кеңірек айтқанда құзыретті тұлға, еңбектегі және қоғамдағы қызметтің тармақталған құрылымына «енгізілген» жасампаз-адам позициясын қалыптастыру тиіс. Сондықтан жақын жылдары білімнің салтанат құруы қазақстандықтардың ментальді құндылықтары болуы тиіс.

Қажетті білімдер мүмкіндігінше әрбір адамға қол жетімді болуы үшін жаңа пайдалы білім алудың маңызына акцент жасау керек, сонымен қатар білім саласында аса үлкен нәтижелерге қолы жеткен ақылды және қабілетті адамдарды мадақтау қажет.

Тұлғаның құрылымын түсіну бойынша бірнеше көзқарастың бар екенін айту қажет. К.К.Платонов «Психология жүйесі туралы» өзінің жұмысында тұлғаның динамикалық функционалдық құрылымы туралы түсінік енгізді, ол құрылым ішкі төрт кіші құрылымнан тұрады (К.К.Платонов, 1972). *Бірінші кіші құрылымға* автор бағыттылықты, тұлғаның қарым-қатынасы, моральдік бет-бейнесін жатқызады. *Тұлғаның екінші кіші құрылымын - тәжірибе кіші құрылымын* білім, дағдылар, біліктер және әдеттер құрайды. Оларды адам өзінің жоспарын іске асыратын жағдайда қолданады. Дағдылар, біліктер деңгейіне байланысты тұлға өзінің еңбек міндеттерін жақсы немесе нашар

орындайды. *Үшінші кіші құрылым* әрбір адамға тән тұрақты жекелеген психологиялық процесстерге: зейінге, қабылдауға, ойлауға, жадыға, жігерге, эмоцияға байланысты болады. *Тұлғаның төртінші кіші құрылымы* биологиялық ерекшеліктерге байланысты, оларға жататындар: нышандар, темперамент, жасы мен жынысы, бұлар адамның мінез-құлқына әсер етеді. Бәсекелестік жағдайында атқарылатын адамның іс-қимылында тұлғалық факторлар үлкен роль атқарады.

Біліміне байланысты қазіргі заманғы әрбір оқушы кез келген биіктен көріне алады, табысты өзін-өзі іске асырған, қоғамда өз орнын тапқан, бұл әлемді ерекше қабылдайтын тұлға бола алады.

Білімнің салтанат құруы бәсекелестік болуы мүмкін емес. Мәселе көпбілуде емес, ертедегі ойшылардың пікірінше «ақылға үйретпейді» *Білім жас адамның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталуы қажет. Бәсекеге қабілеттілікке бағытталу* – қазіргі әлемде барлық ситуацияларда өзінің өмір сүруі үшін тұрақты күресудің қажеттілігіне, күрестің технологияларын меңгеруге ойлаудың ерекше бағыттылығы.

Қазіргі кезде еңбек нарқы, жоғары кәсіпқойлықпен қатар, жас мамандардан аса жоғары жауапкершілікті, әртүрлі қиын жағдайларға психологиялық дайындықты талап етеді. Ол үшін кәсіптік бағытта да, жеке тұлғалық бағытта да тұрақты түрде өзін-өзі жетілдіру қажеттігі аса маңызды роль атқарады. *Білімді алып қана қоймай, оны басқару білу, ақпараттық өріс құра білу маңызды.*

Осыған байланысты ілім, білім престижі біртіндеп жоғарылай бермек. Тәрбие де, білім де дайын күйде берілуі мүмкін емес. Білімді болу үшін ең бірінші, оқуға үйрену қажет, бұл дағдыны меңгерген адамдар үшін білім алу процессі өмір бойы жүретін болады, ал өмірдің өзі жан-жақты және қанықты болады.

Оқу – адам іс-қимылының аса күрделі түрі болып табылады, ол кездесетін көптеген мәселелерді шешу әдістерін меңгеруді талап етеді, мысалы: негізгі мәселені түсіну және оны бөліп қарау, қалай есте сақтау, меңгерілгендер бойынша қалай есеп беру және т.с.с. Өзінің оқу іс-қимылын тиімді ұйымдастыра білу әртүрлі оқу пәндерінің материалдарын жақсы меңгеруге оң әсерін тигізеді, сонымен қатар бұл білікті мақсатты дамыту үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді [41].

«Білімнің салтанат құруы» мақсатына қол жеткізу деңгейін өлшеу критерийлері: сауаттылық, функционалды сауаттылық, эрудициялық, құзыреттілік.

1) Сауаттылық– белгілі бір салада білім мен дағдыларды меңгеру деңгейі, сонымен қатар оларды практикада қолдана білу қабілеті. Белгілі бір пәнді меңгеру деңгейі адам үшін ақпараттың қолжетімділік деңгейін анықтайды.

Сауаттылық деңгейі - заманауи білім беру жүйесіндегі аса өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Мәселе қажетті мәліметтерді таба білу ғана емес, сонымен қатар шексіз ақпараттық ағында дұрыс бағыттану, алынған

білімнен пайда іздей отырып, оны практикада қолдану, талдау және синтездеу қабілеттерінің бар болуында.

Оқу зерттеу іс-қимылдары мынадай сауаттылықтың түрлерін қамтиды: мәтінді оқи білу және жаза білу сауаттылығы. Ақпараттық тасымалдаушыларды (компьютерлер және басқа да гаджеттер) меңгеру. Телекоммуникациялық саладан пайдалы ақпараттарды ала білу. Медиасауаттылық. Ақпараттық. (<http://fb.ru/article/247817/>)

2) Функционалдық сауаттылық – Оқушылардың мектепте оқу барысында алған білімінің деңгейін көрсетеді, алған білімінің негізінде өмірдің әр саласында кездесетін стандарттық және стандарттық емес мәселелерін адамның шеше білу қабілеттерін, былайша айтқанда, адамның әлеуметтенуін анықтайды.

Тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатын сауаттылықтан функционалды сауаттылықтың айырмасы, ол мектептің жоғарғы сынып оқушылары үшін өзекті: 1) мәтінді оқи білу, жаза білу, сөйлей білу және іс-қимыл жасай білу дағдыларын қалыптастыру үшін базалық деңгей болып саналады; 2) кездесетін әртүрлі мәселелер мен проблемаларды шешуге бағытталады; 3) нақты жағдайларда көрінеді және адамды сол жағдайға байланысты сипаттайды (<https://nao.kz/files/blogs/1410281395314.pdf>).

3) Эрудициялық тұлғаның сапасы ретінде – ақпараттық хабардардығын, көп оқығандығын, өз өмірінде кең көлемдегі білім бойынша реттілік пен құрылымдылық және білім беру нәтижесінде, жүйелі оқу және әртүрлі әдебиет көздерін оқу арқылы мүмкін болған терең білім, жақсы кең жадының барлығын көрсету қабілеті (<https://podskazki.info/erudirovannost/> © подсказки.инфо).

Эрудиция (лат. *Ēruditiō* - ғалымдық, ағартушылық) – жан-жақты білім, көптеген салада кең танымының болуы (<https://ru.wikipedia.org/wiki>).

4) Құзыреттілік – «білім - білік» арасындағы байланысты және ситуацияны анықтау және іске асыру дағдысы.

Құзыреттілік – нәтижеге табысты қол жеткізу үшін іс-қимылдың әртүрлі (когнитивтік, эмоционалдық, жігерлік) компоненттерін біріктіру бойынша оқушының қабілеті (festival.1september.ru/articles/).

Жалпымәдениеттік құзыреттілік: - қоршаған адамдармен сөйлесудің диалогтік нысаны; - түлектің эстетикалық және этикалық мәдениеті және т.б.; **әлеуметтік құзыреттілік:** - білімнің пәндік саласындағы негізгі идеялар, түсініктер, тұжырымдамалар туралы оқушылардың хабарлас болуы; - өзіндік сыни ойлау білігі; - әлемдегі пайда болатын нақты проблемалар ситуациясын талдау дағдылары, оларды тиімді жеңу жолдарын жобалау және жоспарлау; - қойылған мақсаттарға жету жөнінде өз дамуын және өз іс-қимылын өзіндік басқару; - өз мінез-құлқын және қоршаған ортадағы оқиғаларды рефлексивті бағалау; **коммуникативтік құзыреттілік** – шетел тілдерін меңгеру; саналы түрде өз таңдауын жасау; - ақпараттық құзыреттілік: - өзіндік жаңа білім алудағы зияткерлік қабілеті, танымдық іс-қимылдың құралдары мен тәсілдері және т.б.; - әртүрлі ақпарат түрлерімен жұмыс істей білу (pedagogika/Kompetentsii-v-shkole/006).

МАҚСАТ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН ЕМЕС, ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН ДАМУЫ. Эволюциялық және революциялық даму әрбір адамның өмірінде немесе өмірден тыс тұрақты және заңды болатын жағдай: себебі ол біздің әлемнің өмір сүруінің тәсілі.

Қазақстанның жаңғыруы жағдайында мектеп жүйесінде бүгінгі күндері эволюциялық процесстер жүріп жатыр. Ұжымдар мемлекеттік стандарттар негізінде бағдарламалар жазуда, оларды іске асыруда, бұл бағдарламалар мектептің жаңа атауы, жаңа маңдайшасы болып отыр. Тәрбие жұмысының қажеттілігінің негізін құндылық-маңызды іс-қимыл моделі құрайды. Тәрбие жұмысының тиімділігін тәрбиеленушінің жеке табысын өлшеу арқылы анықтауға болады, бұның өзі адамның эволюциялық процесстер контекстінде дамитынын көрсетеді.

Оқушының эволюциялық дамуының мақсаты «Рухани жаңғыру» бағдарламасында көрсетілгендей моральдық-этикалық платформаға қол жеткізу болып табылады. Әрбір мұғалімнің кәсіптік борышы – Қазақстандағы эволюциялық процеске оқушылардың қатысушы тұлғалар болып қалыптасуына қол жеткізу болып табылады.

«Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық жолмен дамуы»: эволюциялық бейімделу, сананың өсуі, сезіну мақсатына қол жеткізу деңгейін өлшеу критерийлері.

1) *Эволюциялық бейімделу.* Кең мағынада «адаптация» сөзі (кеш лат. adaptatio — бейімделу) сыртқы ортаның өзгеру жағдайына бейімделу дегенді аңғартады.

2) *Сананың өсуі* – қоғамдағы болып жатқан өзгерістерді көрсететін қарқынды процесс. Қоғамдық сана көз алдыға елестетіп көретін әлемдегі сыртқы өзгерістермен салыстырғанда әлдеқайда терең. Оның болуы сөзсіз екендігі дау тудырмайды, дегенмен ол сыртқы өзгеріс. Алайда, сыртқы дегеніміз ол ішкі өзгерістердің көрінісі.

3) *Ұғынушылық*— заманауи психологияның түсінігі; оны ағымдағы қобалжуды үздіксіз бақылау деп түсіну қажет, былайша айтқанда, субъектінің өткен оқиғаларды да, болашақ оқиғаларды да ойламай қазіргі моменттегі күйзелуін анықтайтын жағдайы. Бұл сананың өз іс-қимылын интроспекциялау қабілеті болып табылады. Ұғынушылықтың мұндай анықтамасы субъективтік күйзелісті субъектінің өзі концептуализациясыз тікелей сезінуін білдіреді. Ұғынушылық бұдан да кең зейінділік түсінігіне кіреді (англ. *mindfulness*) (ru.wikipedia.org/wiki/).

Рухани тәрбиедегі ұғынушылық ерекше қасиет, себебі бүкіл әлемнің проблемасына қатысушылығын сезіну баланың дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл деңгейде оқушының жалпыадамдық кең және әмбебапты жеке адамгершілік принциптері қалыптасады. Мәселе адамның қадір-қасиетінің, моральдік таңдауының, адамдар қарым-қатынасының негізгі реттеушісі ретінде жалпы негіздемесін іздеп табуда болып отыр.

МАҚСАТ: САНАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ.

Сана – болмысты ойлау арқылы идеал бейнесін көрсете алатын адам қабілетін анықтайтын философияның, әлеуметтанудың және психологияның

негізгі түсініктерінің бірі. Сана – қоғамдық дамыған адамға тән және сөйлеуге байланысты, мақсатты іс-қимылдың идеал жақтарының психикалық көрінісінің жоғарғы нысаны. Ол екі нысанда болады: жеке даралық және қоғамдық. (Үлкен Энциклопедиялық сөздік. 2000.)

Сананың ашықтығы оның кем дегенде үш ерекшелігімен сипатталады. Біріншіден, үлкенәлемде, өз елінің айналасында, планетаның өз бөлігінде не боып жатқанын түсіне біледі. Екіншіден, сананың ашықтығы – жана технологиялар алып келетін өзгерістерге дайындық. Жақын арадағы он жылда ол біздің өміріміздің үлкен бір бөлігін – жұмысты, тұрмысты, демалуды, тұрғын үйді, адам қарым-қатынасын түбегейлі өзгертетін болады. Соған дайын болу қажет. Үшіншіден, басқалардың тәжірибесін қолдана білу, басқалардан үйрену қабілеті болып табылады [42].

Н.К.Рерих және Е.И.Рерих жасаған Тірі этика ілімінде аса маңызды түсініктердің бірі сана, адамның жеке рухани өсуінің стимулы эволюциялық саты болып табылады. Тірі Этика абстрактілі сананың объективтік тәсіл проблемасын әркім үшін маңызды, нақты практикалық жазықтықтағы проблемаға айналдырады. Бұл ілімнің критерийлерінің бірі сананың ашықтығы ретінде қарастырылған. Осы критерий бойынша әлемді идеологиялық көзқарастан тыс және эгоистік бетперде арқылы қараудан аулақ тәсілмен танып білу, оның шексіз өзгертініне және дамуына қалыптасқан дағдылар, құндылықтар және білімнің жеткен деңгейі тұрғысынан қарамай еркін қабылдау болып табылады [43].

«Сананың ашықтығы»: мақсатына қол жетімдік деңгейін өлшеу критерийлері: өзгеріске дайын болу, әлеуметтік қоғамдық тәжірибе, өзінің әлеуметтік тәжірибесі

1) *Өзгеріске дайын болу* – бұл тұлғаның белгілі бір мінез-құлыққа дайындығы, белсенді қимылға дайын болу, қазіргі мезгілде тұлғаның психикалық ерекшеліктеріне негізделген тұлғаның табысты қимылдарға бейім болуы. М. И. Дьяченко және Л. А. Кандыбович алдын-ала, жалпы, немесе ұзақ дайындықты және уақытша (ситуациялық) дайындықты бөліп көрсетеді. Біріншісі алдын ала белгілі талаптардан, білімдерден, дағдылардан, біліктерден, іс-қимыл себебінен тұрады. Солардың негізінде іс-қимылдың ағымдағы мәселелерді орындауға дайындық жағдайы қалыптасады. Ситуативтік дайындық – бұл тұлғаның динамикалық тұтас жағдайы, белгілі бір мінез-құлыққа ішкі дайындық, нақты моментте барлық күштің белсенді және мақсатты іс-қимылға ұтқырлығы [44]. Жүйелік деңгейде – инновациялық өзгерістерге ашықтық.

2) *Әлеуметтік қоғамдық тәжірибе.* Әлеуметтік қоғамдық тәжірибе – адамзаттың бүкіл өміріндегі жинақталған және қоғамда бекітілген (белгілі бір тасымалдаушы нысанында) білімдер, біліктер, дағдылар, сезімдер, эмоциялар, рефлексстер, тілдер, бағдарланулар, дүниетаным жүйелері, көзқарастар, пікірлер.

Әлеуметтік әдебиетте әлеуметтік тәжірибе түсінігі міндетті түрде әлеуметтену түсінігімен байланыстырылады. «Мойындау қажет, - деп жазады О. Е. Куренкова, - әлеуметтену оның мәндік сипатында - әртүрлі әлеуметтік

рольдерді орындау және өзінің әлеуметтік тәжірибесін қалыптастыру барысында әлеуметтік тәжірибені меңгеру арқылы тұлғаның қалыптасуы». (https://superinf.ru/view_helpstud.php?id=1852)

Тұлғаның әлеуметтенуі — әлеуметтік сапаның, қасиеттердің, құндылықтардың, идеалдардың, әлеуметтік мінез-құлықтың нормалары мен принциптерінің, білімдерді, біліктерді және дағдыларды меңгеруінің қалыптасу процесстері. Осыған байланысты адам әлеуметтік байланыстарға, институттар мен қоғамдастыққа қабілетті, өз қабілеті мен мүмкіндіктерін іске асыра алатын қатысушы бола алады, ал қоғам аға ұрпақтарды ауыстыру арқылы өз өмірін өзіндік қайта жандандыруды қамтамасыз етеді (studfiles.net/preview/2838208).

3) Өзіндік әлеуметтік тәжірибе. Тұлғаның әлеуметтік тәжірибесі (субъектіленген тәжірибе) деп адамның әртүрлі іс-қимыл түрлеріне қатысу және кешенді әлеуметтік рольдерді орындау барысындағы тұлғалардың өзара қарым-қатынасы тәжірибесін айтады. Ол тәжірибе өмірді түсіну, оның әртүрлі көріністеріне адамның қатынасы арқылы жинақталған. Осы тәжірибе адамның білігі мен дағдыларының даму деңгейін анықтайды. Әлеуметтік тәжірибе әрқашанда адамның қоршаған ортамен өзара белсенді қарым-қатынасының нәтижесі болып табылады. *Әлеуметтік тәжірибе деп тек қана ақпараттар, үлгілер суммасын меңгеруді ғана айтпайды, сонымен қатар нәтижесі сол тәжірибе болатын іс-қимыл мен қарым-қатынас тәсілдерін де айтады.* Сонымен, әрбір адамға қоғамдық әлеуметтік тәжірибені меңгеріп қана қоймай, ол тәжірибені өзіндік екенін көрсете білуі тиіс.

3. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының критерийлері негізінде тәрбие беру іс-шарасын педагогикалық талдауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдамалар.

Тәрбиеші ретінде педагогтің іс-әрекеті тәрбиелік ойлар айналасында «жинақылыққа» бейім, оның мәнін түсінуде өнімді әрі дамушы бола бастайды. Кәсіби мақсаттардың қалыптасушылық көрсеткіштері ретінде – тәрбиелік іс-шаралардың педагогикалық талдауын меңгеру.

Педагогикалық талдауға ұмтылу жұмыс ерекшеліктерін, тәрбиелеу әдістерін, технологияларын жетілдіруге бағытталған кәсіби-педагогикалық ұстанымды көру қабілетін анықтайды. Өз әрекетін талдай білу, өз қызметінің қорытындыларын зерделеу, оның болашақ нәтижелерін болжай білу, олардың жетістіктері үшін нақты қадамдарды – жоғары кәсібилік көрсеткіштерін жоспарлай білу. Дұрыс жасалған талдау мен жоспар педагогтің тәрбие жұмысы мен сол жұмыс жүргізілетін білім алушылардың тәрбиелілік деңгейі арасындағы байланысты көруге ықпал етеді.

Жалпы жоспардың ұсынымдамалары.

1. *«Рухани жаңғыру» бағдарламасының критерийлері негізінде тәрбиелік іс-шараларға педагогикалық талдауды ұйымдастыру бірінші кезеңде «талдау», «педагогикалық талдау» ұғымдарын анық түсінуді талап етеді [45].*

Талдау – бұл пәнді үнемі ойша бөлікке бөлу, оны тұтас құрайтын элементтеріне жіктеу, сондай-ақ әр элементтің бағалау сипаттамасы жасалады, ал жалпы бұл пәнге толық сипаттама беруге ықпал етеді.

Жалпыға бірдей қабылданған түсінік төмендегі мағынада толықтырылады: «мазмұнын қарастыру», «қандай да бір сыныпқа, түрге, топқа тәуелділігін анықтау», «Анық емесін түсіндіру» және т.б. Талдау – бұл белгісіз емес дүниені де ашу. Мұндай түсінікте, талдау – яғни «айқындау», «осындай пәннің барын білу». Соңғы талдау жасау бөлшектеу, ажырату, жан-жақтан қарастыру екенін атап өту керек.

Педагогтің тәрбиеге концептуалдық көзқарастары, тәрбие процесінің теориялық бейнесі, өзара байланысты қажетті және жеткілікті элементтердің болуы ретінде барынша нақты ұсынылған үлгі – міне, педагогикалық талдаудың негізі. Егер мұндай негіз болмаса, ешқандай талдау да жоқ, болуы мүмкін де емес. Талдау алдын ала қойылған және шешілген екі сұрақпен түйіндеседі; тәрбие процесінде, оның құрылымдық мазмұнында не бар? Және бағалау сипаттамаларын шығару үшін алынған деректерді немен салыстыру керек? Педагогикалық талдаудың мазмұны бірінші сұрақтың шешіміне, екіншісі тәрбие процесінің бағалау критерийлеріне байланысты.

Педагогикалық талдау – бұл қажетті және жеткілікті элементтердің құрылымдық байланыстары ретінде берілген таңдаулы тәрбие үлгісі тұрғысынан тәрбиенің шынайы жайылмалы процесін бағалап қарастыру; бұл қарастыру бөлініп алынған элементтерге де, жалпы барлық процеске де сипаттама беруге екпін тигізеді.

2. *«Рухани жаңғыру» бағдарламасының критерийлері тұрғысынан педагогикалық талдау бағалап қарастыру душар болатын барлық процесс*

тәрбиелік іс-шаралар барысында мектеп оқушыларының бойында бәсекеге қабілеттілік, прагматизмді, ұлттық бірегейлікті сақтауды, білімнің салтанат құруын, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуын, танымның ашықтығын қалыптастыру қадағаланатынын білдіреді.

«Рухани жаңғыру» критерийлері бойынша білім беру ұйымдарында жоспарланатын тәрбиелік іс-шаралар үш деңгей бойынша оқушылардың дамуымен теңдестіріледі.

Бірінші деңгей – мектеп оқушыларының әлеуметтік білім алуы және әлеуметтік шынайылық мен күнделікті өмірді алғаш түсінуі. Екінші деңгей – мектеп оқушыларының қоғамның негізгі құндылықтарына (адам, отбасы, Отан, табиғат, әлем, білім, еңбек, мәдениет) жанашырлық және позитивті қарым-қатынас тәжірибесіне ие болу, жалпы әлеуметтік шынайылыққа деген құнды қарым-қатынас. Үшінші деңгей – мектеп оқушыларының өз бетінше қоғамдық іс-әрекет тәжірибесіне ие болуы.

3. Тәрбиелік іс-шараларды талдауын жүйелі жүргізген дұрыс, себебі қол жеткізгендерге сүйене отырып, алға ойдағыдай жылжуға, ең үздіктерін нығайтып, кемшіліктерден арылу. Жүйелі талдау жұмысты жақсы ұйымдастыруға ықпал етеді, сынып жетекшісінің міндеттеріне барынша мұқият қарауды арттырады, оның қорытындылары мен нәтижелері ескерусіз қалмайды және бағаланады. Талдау – сондай-ақ қырағылыққа, өзіне-өзі сыни көзбен қарауға, талапшылдыққа, қоғамдық пікірлерді қалыптастыруға, сынға дұрыс қарауға, педагогикалық шеберлігін арттыруға тәрбиелеудің жақсы мектебі.

4. Қорытындыларды талдаудың екі негізгі қызметі бар – тәрбие процесінде аса маңызды ұйымдастырушы және тәрбиелеуші.

5. Тәрбиелік іс-шаралар жүйесін жасау және олардың құндылықты-мақсатты бағытын анықтау қажет.

6. Тәрбиелік іс-шаралар өз дамуында араларында өзара ықпалдасатын бірнеше топтардың дамуын жорамалдайтын процесс болып табылады:

- Іс-шаралар тақырыптарының өзектілігін анықтау, педагогикалық мақсаттарды түсіну;

- Білім алушыларға тікелей тәрбиелік ықпалды ұйымдастыру;
- Мақсат, міндеттерді қоса алғанда, тұжырымдаманы анықтау;
- Іс-шаралар кезеңдерін жоспарлау;
- Нәтижелілік – бұл іс-шараның ахуалын талдау.

Осындай логикалық байланыс кез келген іс-шара үшін тұрақты, тек мазмұны ғана өзгеріп отырады, өткізілетін іс-шаралардың мақсаттарына қарай сол не басқа кезеңінің мәні күшейтіледі.

Кез келген тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу процесінде оның ұйымдастырушыларына белгілі бір сұрақтарды шешіп алуға тура келеді:

- Іс-шараны қалай дайындау керек?
- Неден бастау керек?
- Іс-шараға дайындалу және өткізу кезінде нені ескеру керек?

Тәрбиелік іс-шаралардың педагогикалық талдауының операциялық жағы бойынша ұсынымдамалар

● Тәрбиелеуші іс-шаралардың педагогикалық талдауында жан-жақты мазмұндық сипаттамаларды ескеру керек:

- қоғамның әлеуметтік тапсырысын ескере отырып өткізу мақсаттарын анықтау (мақсат айқындалған болу керек, яғни тәрбиеленушілер мен педагогтің іс-әрекеттері мен қарым-қатынастары сипатталатындай);

- сәйкес келетін әдістерді, түрлер мен құралдарды таңдау;

- жобаланған жекелеген тәрбиелеуші жағдаяттар және олардың тәрбиеленушілерге ықпалы. Іс-шаралар барысында тәрбиелеуші жағдайларды жобалау төмендегі қағидаттарды ескере отырып жасалады:

- *дамуға бағытталу*– мүдделерге тұлғалық бағытталушылық, тәрбиеленушілердің қажеттілігі мен мүмкіншіліктері айтылады;

- *жобаланатын іс-шаралардың өздігінен дамуы*– оның серпінділігін, ашықтығын, мазмұны мен көлемінің өзгеруіне қабілеттілігін білдіреді;

- жоспарланған іс-шаралардың оқушылардың тәрбиелік деңгейіне, ұжымның ұйымшылдығына ықпалын бағалау мүмкіндігі.

● *Практика деңгейінде тәрбиелеу әдістерін іріктеуді басшылыққа алу керек.* Олар жалпы құрастыру түрінде қарастырылмайды, таңдалынған әдістердің әрқайсысы басқаларды іске асырумен бір мезетте жүзеге асырылады. Тәрбиелік іс-шараларды жобалауда әдістер өзара ықпалдасатындай іріктеледі, бірақ олардың саны шектелмейді.

● Тәрбие процесінің түрін белгілі бір логикалық қамтамасыз етуде қалыптасатын тәрбие әдістерін, қолданылатын құралдар жүйесінің арқасында туындайтын тәрбиеленушілердің педагогпен өзара іс-әрекеттерінің бейнесін қолжетімді сырттай қабылдау ретінде анықтауға болады. *Тәрбиелік іс-шаралардың түрлерін педагогикалық іздеу талаптармен қатар тұтасады:*

- *форма өзгермелі болуы тиіс*, бірақ бұл белгілі бір форманың екіншісіне тез алмасуы емес, әр кез жаңа детальдар мен элементтерді кіргізу жаңаша;

- *форма тұтас күйінде берілуі мүмкін емес*, ол әр кез нақты жағдайлар үшін жаңадан әзірленуі тиіс, бұл әзірлеменің идеясы мазмұнды болуы керек, форманың вариативтілігі оның шынайылығының қолданысын талдаудан туындайды;

- форма қабылдаудың түрлі арналарына бағытталуы тиіс, ол тәрбиеленушілердің ішкі белсенділігін арттырады. Іс-шараларды жобалау кезінде жүйелілік пен көп деңгейлілік негізінде тәрбиелеу түрлерін іріктеу.

● Мақсатқа жету процесінде қолданылатындардың барлығы құрал деп аталады. Тәрбиелеу құралының рөлі қоршаған ақиқаттың, құбылыстың, оқиғалардың, эпизодтардың, іс-әрекеттің және т.б. кез келген нысанынорындауы мүмкін, яғни тәрбиеленушілердің өмірлік қарекетінде ұйымдастырылатын жүйеге енген көп қырлы және көп бейнелі элем. *Тәрбие құралдарын іріктеуде педагог тірек қызметтерді басшылыққа алуы тиіс:*

- айтылып отырған құбылыстарды көрсетуде тірек болатын *көрнекілік*;

- *бастамашылық* жасау, қандай да бір проблемаларды, адам үшін

маңызды сол не басқа құбылыстарды ойлануды қамтамасыз ететін рухани белсенділікті, ойлау әрекетін ояту;

- заманауи адамға қажетті іскерліктер мен сапаға ие болуды қамтамасыз ететін аспаптылық;

- кез келген затқа, процеске, шектеусіз тәрбиелік әлеуетті анықтаудың ақиқат құбылыстарына ықпал ететін *өзектендіру*;

- тұлғалық даму әлеуетінің, заттық бейімділіктің, тәрбиеленушілер әлемімен өзара ақпараттық іс-қимылдардың басым тәсілінің барабарлығы.

Бірыңғай мектеп оқушыларының мүдделерінің басымдылығы зияткерлік немесе көркем салада болуы мүмкін. Басқалар үшін практикалық міндеттер мен іс-қимылдар тартымды болады. Үшіншілері адамзаттық қарым-қатынас саласын таңдайды. Соған қарай құралдарды іріктеуде осыны ескеру маңызды.

Жобалау кезінде педагогикалық проблема құралдардың болмауынан немесе жеткіліксіздігінен емес, олардың тәрбиелік міндеттегі барабарлығынан тұрады. Педагог өмірдің бар әртүрлілігінен сол не басқа педагогикалық жағдайларда тәрбиелік қызметтерді іске асыру бойынша ең мықтысы болып табылады.

Тәрбиеші құралдарды неғұрлым көп жинаса, соғұрлым оның жұмыстағы табысы да жоғары болмақ. Бірақ, *мынаны есте ұстау қажет: кез келген, тіпті «сәйкес келетін» құрал күтілетін тәрбие әрекетіне (ықпалға) қарама-қарсы болуы мүмкін, барлығы қандай қарым-қатынастар жүйесінде және қандай педагогикалық жағдайларда оның қолданылатынына байланысты.*

Тәрбиеленушінің құралдармен өзара іс-қимылын жеке, топтық, ұжымдық, фронтальдық, желілік формаларда ұйымдастыруға болады.

● Тәрбиешінің іс-қимыл тәсілдерін таңдау қойылған мақсаттардың сипатын ескере отырып іске асырылады. *Іс-қимыл тәсілдерін тәрбиеші өз еркімен құрастырмайды, бар көптеген тәсілдерден таңдап алады. Осылайша, тәрбиелік іс-шараларды жобалау әдістемесі төмендегідей түрде берілуі мүмкін:*

1. Тақырыптар өзектілігінің негіздемесі: тақырып қазіргі қоғамдағы тәрбие мақсаттары мен міндеттеріне, жас ерекшеліктері мен оқушылар ұжымының нақты міндеттеріне жауап бере ме.

2. І-шаралар жоспарын оған қатысушылардың өзара іс-қимылдарын ұйымдастырудың логикалылығын, анықтығын және бірізділігінескере отырып, мазмұнының оны өткізу формасымен, әдістерімен және құралдарымен сәйкестігін талдай отырып құрастыру.

3. Мазмұнды іріктеу: оның тәрбиелік және танымдық мәні, қолжетімділігі, эмоциональдығы, нақтылығы қарастырылады.

4. Дайындық сапасын қамтамасыз ету:

- іс-шараларды өткізу әдістемесін таңдау – дәстүрлі, ұжымдық шығармашылық іс, ойын;

- мазмұны, өткізу әдісі, балаларды қатыстыру, жобаланып отырған тәрбие нәтижелері бойынша неғұрлым маңызды кемшіліктер мен оң жақтарын бөліп алу;

- оқушылардың іс-шараларға қызығушылықтарын көрнекілік құралдарды

қолдану, оларды қолданудағы негіздемелер арқылы белсендендіру;

- жоспарланатын іс-әрекеттің эмоционалдық, ақпараттық, зерттеушілік, үйретуші, дамытушы, коммуникативтік, конструктивтік, ұтқырлық, ұйымдастырушылық, насихаттаушылық, өзін-өзі жетілдірушілік сияқты құрылымдық компоненттерінің болуын талдау;

- өзара іс-қимылдарда кері байланысты қамтамасыз ету құралдарын таңдау.

5. Дайындық деңгейлерін жалпы бағалау: тәрбиелеуші ықпалдардың алдын ала диагностикасы, тәрбиелеуші циклді қайталап алудың мүмкіндіктерін анықтау (процедур жиынтығы, іс-әрекеттер кезеңдері және т.б.).

● Тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуші жолмен іске асырылуы мүмкін:

1) дәстүрлі, іс-шараларды дайындау және өткізу бойынша жұмыстардың негізі бөлігін педагогтің өзі орындаса, ал оқушылар оның дайындығына не мүлде қатыспайды, не әр кезеңдеріне эпизодты тартылады;

2) ұжымдық шығармашылық іс негізінде, іс-шараларды әзірлеу, дайындалу және өткізудің барлық кезеңдері педагогтер мен тәрбиеленушілердің бірлескен шығармашылық ізденісі негізінде іске асырылғанда;

3) ойын, іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тек соңғы нәтижеге–ұжымның ұйымшылдығын арттыруға бағытталған тәрбиеленушілер мен педагогтердің арасындағы эмоционалдық байланысты қамтамасыз етуге емес, сондай-ақ тәрбиеленушілердің коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту құралы болып табылады.

● *Тәрбиелеу іс-шараларының барлық компоненттері жоспарлау, үлгілеу және іске асыру кезеңдерінен өтеді. Іс-шараларда олар анық құрылымға енгізіледі:* 1) іс-шаралар атауы; 2) жалпы мақсат және тәрбиелеу міндеттері; 3) іс-шараларды өткізуге қажетті әдістер мен құралдар тізбесінен тұратын жабдықтар (құралдар, ойыншықтар, бейнефильмдер, диапозитивтер, әдебиет және т.б.); 4) оның кезеңдерінің бірізділігі мен әрбір кезеңінің қысқаша мазмұны көрінетін іс-шаралар барысы.

Мақсат іс-шаралардың дамытушы, түзетуші және қалыптастырушы қызметтерін көрсетеді. Іс-шаралар атауы оның мазмұнын анық көрсетуі тиіс, ықшамды, түрі жағынан тартымды болу керек. Ол үшін мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды, қанатты сөздерді, танымал цитаталарды, проблемалық сұрақтарды және т.б. қолдануға болады. Іс-шараларды үлгілеуде оны дайындау мен өткізу үшін қажетті мазмұнды, әдістер мен құралдарды таңдау жүзеге асырылады. Іс-шаралар барысын сипаттау не оны бірінші жақтан бірізді толық мазмұндауды, не карточкаларда көрсетілген негізгі мазмұны бар тезистік жоспардан тұрады. Іс-шаралар барысын үлгілеуде оның ұзақтығы мен құрылымын ескерген жөн.

● Тәрбиелік іс-шаралар тәрбиеленушілердің жасына қарай 15—20 минуттан 1—2 сағатқа дейін созылуы мүмкін. *Іс-шаралардың неғұрлым тиімді уақыты — 45-тен 60 минутқа дейін, оны төмендегідей түрде бөлуге болады:*

1. Ұйымдастырушылық сәт (1—3 минут). Педагогикалық мақсат:

балаларды оқу әрекетінен әрекеттің басқа түріне қосу, іс-шараға деген қызығушылықты тудыру, эмоционалдық оң күй қалыптастыру. Балаларды оқудан тыс іс-әрекетке тиімді қосуға тосын сый ықпал етеді, яғни жұмбақтарды, проблемалық сұрақтарды, ойын сәтін, дыбыстық жазбаларды және т.б. пайдалану, балаларды ұйымдастыру жағдайларының өзгеруі, басқа үй-жайға ауысу немесе балалардың сыныптағы әдеттегіден басқаша орналасуы және т.б.

2. Кіріспе бөлім (барлық іс-шараның 1/5 уақыты). Педагогикалық мақсат: балаларды белсендендіру, оларды тәрбиелеуге ықпал ету, баланың жеке тәжірибесінен іс-шаралар тақырыбына «көпір салу». Тәрбиеші балалардың мүмкіншіліктеріне, олардың жеке қасиеттеріне, тақырып бойынша хабардар болуының деңгейіне, эмоционалдық күйіне, белсенділік деңгейлеріне, қызығушылығына және т.б. қатысты педагогикалық болжамының шындыққа қаншалықты сәйкес келгенін анықтайды. Осының негізінде ол іс-шаралар барысына қажетті түзетулер енгізеді. Педагог бұл кезеңде ұзақ емес әңгіме жүргізеді (танымдық, эстетикалық, этикалық іс-шаралар немесе сұрақ-жауап, байқаулар, ребустар, сөзжұмбақтар, қызықты тапсырмалар, қырағылық және т.б. тұратын жаттығулар өткізеді). Сұрақтар мен тапсырмалар балаларға тек қана қызықты болмай, сондай-ақ педагогке оқушылардың дайындалған материалды қабылдауға дайындығы туралы ақпарат беретіндей болуы тиіс. Кіріспе бөлім барысында балаларды іс-шаралар жоспарымен таныстырады, командалар құрылады, іс-шараларды өткізу ережесі түсіндіріледі, балалардың оған қатысуын бағалаудың нақты критерийлері беріледі.

3. Негізгі бөлім ең ұзақ болуы тиіс, іс-шараға бөлінетін барлық уақыттың жартысын немесе үштен бір бөлігін құрайды. Педагогикалық мақсат: оның негізгі мақсаттары басты тәрбиелік міндеттерін іске асыру.

Егер балалар іс-шаралар барысында өте белсенді болса, мақсаттар мен міндеттерді іске асырудағы тәрбиелік әсер артады. Егер педагог мінез-құлықты қалыптастырудың әдістерін көп қолданса, іс-әрекеттің әр түрін енгізсе, мейірімді, іс-шаралар барысында жұмысқа қолайлы жағдайларды және балалармен қарым-қатынасты ойластыра отырып, «білек сезімін» қалыптастыра отырып, міндеттерді бөліп, бақталастық емес, ынтымақтастық негізінде командалар жұмысын ұйымдастыра отырып эмоционалдық атмосфера құра алса, негізгі бөлімнің тиімділігі артады.

4. Қорытынды бөлім (барлық іс-шараның 1/5 уақыты). Педагогикалық мақсат: балаларды мектептен тыс өмірде алған тәжірибесін практикада қолдануға бағыттау және іс-шаралар мақсатын соншалықты іске асыра алатындай белгілеу. Ол үшін балаларға тартымды болатын түрде тест сипатында тапсырмалар қолданылады: сөзжұмбақ, шағын сұрақ-жауап, ойын жағдаяттары және т.б..

● *Егер педагог іс-шараны ұжымдық шығармашылық іс (ҰШІ) түрінде ұйымдастырса және өткізсе (ұжым мүшелері ұзақ уақыт бойы өзіне және басқа адамдарға пайда мен қуаныш сыйлайтын маңызды оқиға ретінде іске асырылатын И.П. Ивановтың ұжымдық шығармашылық тәрбиесі технологиялары компоненті) алты біріншілік кезеңдерін қарастырған жөн:*

1. Алдын ала жұмыс. Педагогтар мен басқа ересектер нақты тәрбиелік міндеттерді анықтайды, балалардың таңдауына ұсынылатын ҰШІ орындау нұсқаларын іріктейді, балаларды белсенді тарта отырып өз ойларын іске асыру тәсілдерін ойластырады, балаларды жұмысқа бағыттайтын іс-әрекеттерді белгілейді, әр қатысушының әрекетін белсендендіру мүмкіндіктерін анықтайды. Осы кезеңнің соңында балаларды алдағы іске қызықтыру үшін балалармен қызықты әңгімелер өткізіледі.

2. Ұжымдық жоспарлау. Жалпы жиын-стартта жетекші сынып алдына мынадай сұрақтар қояды: «Қандай іс жүргізу?», «Кімнің пайдасына және кімге қызықты?», «Оны кіммен өткізу?», «Қайда өткізу?» Бұл сұрақтар шағын ұжымдарда талқыланады, ал жетекші оларға білдірмей идеялар тастайды. Бұл сатыда балалар қойылған сұрақтарға жауаптар іздейді. Ересектер — балалармен диалогқа тең құқылы қатысушылар. Жиын-старттың нәтижесін көбінесе жүргізуші қамтамасыз етеді. Ол ҰШІ орындау нұсқаларын талқылауға ұсынады, жетектеуші, нақтылаушы сұрақтар қояды, алдыңғы қатарлы идеяларды негіздеуді ұсынады, қосымша «ойлану тапсырмаларын» береді. Нәтижесінде ең үздік нұсқа таңдап алынады. Оны іске асыру үшін басқарушы орган – ҰЖІ-ге дайындықты үйлестіретін әрбір шағын топтардың өкілдері кіретін «Іс кеңесі» сайланады.

3. Іске ұжымдық дайындық. Нақты істі өткізуге қажетті жұмыстың түрлеріне сәйкес құрылған шағын топтар (бригадалар, топтар), өздерінің жұмыс учаскелерін қалай орындайтынын талқылайды. «Іс кеңесі» «ойда қалатын топтарды», яғни жеткіліксіз дайындалған немесе жалпы дайындалуы мүмкін емес жұмыс учаскелерін анықтай отырып ҰЖІ-ге дайындық және өткізу жоспарын нақтылайды. Бұл жерде ересектердің рөлі жоғары: ашық қысым жасамай, ол балаларды мақсатқа сай, шығармашылық және ұжымдық істі жүзеге асыруға өздігінен қатысуға шақырады. Педагог қалып қойғандарға көмектесе отырып, қажеттілігіне қарай жұмыс учаскелері мен күшті орналастыруды қайта бөле отырып, байқатпай дайындық барысын бақылайды.

4. ҰШІ өткізу. Бұл сатыда шағын топтардың жұмыстарын ескере отырып, нақты жоспар белгіленеді. Мектеп оқушылары істі жоспарлау және дайындау барысында жианлған тәжірибелерін көрсетеді. Педагог (мүмкіншілігіне қарай барлық ҰЖІ-ге қатысушыларға және оны ұйымдастырушыларға белгілі), балалардың іс-қимылын бағыттайды, олардың көңіл-күйлерін реттейді, сәтсіздіктерді дұрыс түсінуге көмектеседі. Кейде ол ҰЖІ сценарийіне тосынсыйлар мен жоспарланбаған акцияларды енгізе отырып, «қайырымды сиқыршы» рөліне ене алады. Кез келген ҰЖІ-ні мереке түрінде, барлығы қатыса алатындай өткізуге тырысу керек.

5. ҰЖІ нәтижелерін ұжымдық қорытындылару. Бәрінен бұрын «Не жақсы болды, неге?», «Не сәтсіз болды және неліктен?», «Болашақта біз не істейміз?» деген сұрақтарға ұжыммен жауап беруге жалпы жиында қорытынды жасалады. Әдетте балалар шеңбермен не топпен өз пікірлерін айтады, ҰШІ-ге дайындықтың және өткізудің оң және теріс жақтарын талқылайды. Жалпы жиыннан басқа басқа да құралдар қолданылады: сауал, қабырға газеті арқылы сауалнама жүргізу, шығармашылық есептер. Басшы қорытындысын шығарады

және ол туралы тек балаларға ғана емес, ата-аналарға, шефтерге хабарлайды.

6. Іс-әрекеттен кейін (атқарылған жұмыстардың тәжірибесін пайдалану). Жалпы жиында неге қолжеткізілді, тағы нені жасауға болар еді дегендер талқыланады, жаңа ұжымдық шығармашылық істер ойластырылып, талқыға салынады. Көп жағдайда балалар мен ересектер сауалнамада өз ұсыныстарын ортаға салады, алған әсерлерімен, көңіл-күйлерімен бөліседі, нені үйренгендерін айтады. Бұдан кейін жасалатын іс-қимылдар бағдарламасы аталады, жаңа ұжымдық шығармашылық істер айқындалады. Төменде ҰШ-нің барлық сатыларында қолданылатын кейбір тәсілдер аталынады:

- істің негізгі мақсатын не балалардың өздері, не ересектер құрастырады, бірақ бұндай жағдайда ол оқушыларға тартымды және түсінікті болуы тиіс;

- жекелеген міндеттерді шешу немесе шығармашылық тапсырмаларды орындау үшін ҰШ-ге дайындық және оны өткізу кезінде әрқайсысының өз нақты жұмыс учаскесі бар шағын топтар құру қажет;

- ҰШ таңдауға және оны өткізу сипатына байланысты негізгі мәселелерді талқылау «миға шабуыл» түрінде өтеді, мектеп оқушылары топтарда өз пікірлерімен алмасып, ең үздік деген нұсқаларды іздейді, идеялар банкін құрады, яғни шешуге мүмкін болатын жолдарды ұсынады;

- көптеген мүмкін нұсқалардың біреуін не екеуін таңдау қажет болғанда идеяларды іріктеу «бас тартсаң – ұсын», «маңызына қарай қарсылық таныт», «адам емес, көзқарас тұрғысынан сынға ал» қағидаты бойынша іске асырылуы тиіс;

- егер үздік идеяны таңдау қиын болса, идеялар қорғалады; ұжымның не шағын топтың әр мүшесі өз нұсқасын қорғайды, содан кейін оны іздестірудің нәтижесі шығарылады, нәтижесінде соңғы шешім туындайды;

- ҰШ қорытындыларын шығару кезінде әрқайсысының үлесін артықшылығына қарай бағалау қажет.

Ұжымдық шығармашылық істің тәрбиелік мүмкіндіктерін іске асыруды қамтамасыз ету үшін педагог белгілі бір жағдайларды сақтауы қажет, олардың ішінде – іс-әрекеттің бірізділігін бұзуға болмайды; аға буын ретінде педагогтің айқындап берген рөлін бұрмалауға жол берілмейді; ересектер балалармен бірге алда тұрған істердің тәжірибесіне сүйеніп дайындалуды және өткізуді талап етеді; оқушылардың оқу-тәрбие процесінде және өмірден алған тәжірибесі мен білімін ескеру қажет; әр істе өзі, басқа адамдар, ата-аналар мен туыскандар, қоршаған әлем туралы идеялар асырылуы тиіс.

- *Ойын түрінде тәрбиелік іс-шаралар өткізу жағдайында оның ерекшеліктерін ескере отырып педагогикалық талдау жүргізу қажет:* онда қабылданған сюжетке және өзіне алынған рөлге сәйкес балалармен бірге ойналатын өзара қарым-қатынастардан басқа қарым-қатынастың басқа түрі – бейнелі емес, шынайы, ақиқат туындайды. Қарым-қатынастың бұл түрлері (ойын және шындық) өзара тығыз байланысты, бірақ теңбе-тең емес және бір-бірімен дау-дамайда болуы мүмкін. *Бірнеше кезеңдерден тұратын, ереже сияқты ұжымдық ойындарды ұйымдастыру әдістемесі де ескеріледі:*

- 1) Ойын стратегияларын әзірлеу, мақсаттарды және оларға қолжеткізу тәсілдерін анықтау, күтілетін нәтижені жоспарлау бойынша педагогтің

жұмысы. Бұл жұмыстардың нәтижелері ойын үлгілері мен оның жоспарын жасау, ойын ережелері мен талаптарын әзірлеу бойынша бастамашыл топтарды іріктеу болып табылады.

2) Педагогтар мен балалардан тұратын бастамашыл топтардың және ойын ережелері мен талаптарын анықтайтын жұмыстарды ұйымдастыру. Бұл іс-қимылдың нәтижесі — ойын ережелері мен талаптарын, оны жіберу тетіктерін әзірлеу, ойындарды ұйымдастыру комитеті мүшелерінің арасында міндеттерді бөлу.

3) Балаларды ойынға альтернативті қатыстыру негізінде ойын үлгілерін жіберу. Бұл кезеңнің қорытындылары — әр қатысушының ойындағы өз рөлдерін анықтауы, оған қатысатын балалардан топ не өзара бәсекелесетін бірнеше топ құру.

4) Ойын ережелері мен оны дамыту талаптарына сәйкес ойынға қатысушылардың іс-әрекеттерін үйлестіру. Бұл кезеңнің қорытындысы — барлық ойынға қатысушылардың өз рөлдерін қабылдауы, ойын ережелері мен талаптарын білуі, оларды орындауы, балалардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын іске асыру.

5) Ойын қорытындысын шығару, рефлексияны ұйымдастыру, яғни балалардың ойынға қатысуындағы мінез-құлқын және қолжеткізген нәтижелерін бағалау. Бұл кезеңнің қорытындысы — бұдан әрі бірлесіп жасайтын әрекеттердің перспективаларын, балалармен өзара әрекеттесудің жаңа тәсілдерін анықтау.

6) Кейінгі әрекет — балалармен басқа да жұмыс түрлерінен алынған позитивті үрдістер мен жетістіктерді бекіту және дамыту, ұжымның өмірлік қарекетін ұйымдастыруға өзгерістер енгізу.

Осылайша, балалармен іс-шаралар өткізудің кез келген түрін ұйымдастыра отырып, қайталамау, шаблондардан аулақ болу, ешкімді көшірмеу, іс-шараның өзіндік тәсілін, кілтін іздеу маңызды.

Педагог үшін конгруэнтті болу, яғни тәрбиелік іс-шараларда өзімен өзі болуға қабілетті, барлық бастамаларда шынайы болу маңызды. Мұндай ұстаным қамқорлығындағыларды өзінің өмірге, адамдарға, қоршаған әлемге, оқиғаларға, айналада болып жатқандарға деген қарым-қатынасымен қызықтыру мүмкіндігін ашады, басқалардың қайталауына үлгі бола алады. Тәрбиелік іс-әрекеттің басым эмоционалдық бояуы педагогтердің ішкі ұстанымына байланысты.

Қорытынды

Әрбір жаңа тәрбиелік іс-шара тәрбие жұмысын дамытудың және оны үнемі жаңартудың жаңа айналымның элементінен тұрады.

Тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу процестеріне қойылған мақсаттарға (бәсекеге қабілеттілік; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау; білімнің салтанат құруы; Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы; танымның ашықтығы) қол жеткізудің деңгейлерін өлшеудің жаңа критерийлерін құрастыру және негіздеу білім мазмұнын жаңарту жағдайларында тиімділікті арттыруда және оның бұдан әрі эволюциясында сапалы алға ұмтылуды қамтамасыз етуі тиіс.

Мақсаттарға жетудің куәсі түлектердің мінездемелері болады: ұлттық мәдениет кодын тасымалдаушы, ойлаудың жаңа түрін меңгеруші, саналы адамгершілік ұстанымы және құндылық бағдарлары бар, ақиқатты шығармашыл тұрғыдан меңгеруші және қайта жасаушы, өмір бойы өзін-өзі танытуға қабілетті, жаңа мыңжылдықтың лидері.

Педагогтердің әдістемелік портфолиосында стратегиялардың, тәсілдердің, құралдардың, тәрбиелеу әдістерінің кең ауқымды диапазоны жатыр және соған байланысты толық көлемде оны тәрбиелік іс-әрекетте іске асыру қажет.

Тәрбиелік іс-шаралардың педагогикалық талдауын қолдану тәрбие жүйесі бейнесінің, құндылық тәртібі үлгілерінің органикалық «өсуін» қамтамасыз етеді. Педагогикалық талдау көптеген тәрбиелік іс-шаралардың, мақсатқа сай бағытталудың, тиімділіктің, әрекеттіліктің тәртіптілігін жүргізуге арналған.

Шын мәніндегі тәрбиеші рөл ойнамайды, мәртебені қолдамайды, қызметтерді атқармайды. Ол тәрбиешінің тәрбиеленушімен рухани қарым-қатынас саласындағы ұстанымын іске асырады, тәрбие ықпалының нәтижесін анық мойындайды.

Білімді жаңарту логикасында тәрбиелік іс-шараларды педагогикалық талдау – кәсіби өзін-өзі жетілдіруде қажетті пункт, кәсіби тәртіптер мен мақсаттар мәнінің жүйесі.

Шеберлікті педагогикалық талдау арқылы жетілдіріңіздер!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Н. «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы модернизациялау» мақаласы. 12 сәуір, 2017. <http://www.akorda.kz/ru>.
2. Қазақстан Республикасының Заңы Білім туралы (11.07.2017 ж. Берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). <http://www.satp.kz/index.php?catid>
3. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарлама бойынша жобалар мен іс-шаралар тізілімі. <http://stepnogorsk.akmoedu.kz/>.
4. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы. <http://www.akorda.kz/ru>.
5. Голубева Л.В., Г.П. Попова Справочник заместителя директора по воспитательной работе. – Волгоград: Учитель, 2007. -139 с.
6. Воспитательная деятельность педагога: Учеб. Пособие для студ. высш. учеб. заведений / И.А. Колесникова, Н.М. Борытко, С.Д. Поляков, Н.Л. Селиванова; Под общ. Ред. В.А. Сластенина и И.А. Колесниковой. –М.: Издательский центр «Академия», 2005. - 336 с.
7. Педагогика, Учебник, Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н., 2007. – 173 с.
8. Комплексно-целевая воспитательная программа <http://lib2.podelise.ru/docs/9178/>.
9. Слободчиков В.И., Павлов И.С., Швецов В.В., Парамонов А.И., Скворчевский К.А., Зверев С.М., Леонтович А.В., Потапов А.С., Ильясов И.К. Содержание профессионального образования в условиях информационной среды // ГОУ «Колледж предпринимательства», М., 2008 – 156 с.
10. Семашко Л.М. «Сферный подход», СПб, 1992, с.341-351.
11. Попова Н.Ю. Воспитательный потенциал учебной экскурсии школьников в природу. <https://infourok.ru/vistuplenie-iz-opita-raboti-na-temu-vospitatelnyy-potencial-uchebnoy-ekskursii-shkolnikov-v-prirodu-390561.html>.
12. Методические рекомендации по проведению урока, посвященного Дню Первого Президента, по разъяснению основных направлений модернизации общественного сознания Национальная академия образования имени И. Алтынсарина. – Астана, 2017.
13. <http://ulattykmuragat.kz> (внешняя ссылка).
14. www.weforum.org(внешняя ссылка) - к 12 факторам конкурентоспособности относятся следующие: институты, инфраструктура, макроэкономическая среда, здоровье и начальное образование, высшее образование и профессиональная подготовка, эффективность рынка товаров и услуг, эффективность рынка труда, развитость финансового рынка, технологический уровень, размер рынка, конкурентоспособность компаний и инновации.
15. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу– Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы. // Казахстанская правда. - 2010. - 30 января.
16. Назарбаев Н.А. Актовая лекция Президента РК. Казахстан в посткризисном мире: интеллектуальный прорыв в будущее. - Алматы: Казак,

университеті, 2009. - С. 20.

17. Казахстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности. Институт философии и политологии КН МОНРК. Алматы, 2011.

18. Кортуннов С.В. Глобализация и национальная идентичность. М., 2009.

19. Гаджиев К.С. Национальная идентичность: концептуальный аспект//Вопросы философии. -№10, 2011.

20. Бадмаев В.Н. Феномен национальной идентичности: социально-философский анализ // Автореферат. дисс. д. ф. н.- Волгоград, 2011.

21. Семенов И.С. Глобальный кризис идентичности: личность, общество, культура /Глобализация и Россия. М., 2004.

22. Нысанбаев А., Малинин Г., Нурсултан Назарбаев: Казахстан - территория мира и согласия. - Алматы, 2005.

23. Мухлынкина Ю.В. Этническая идентичность в эпоху глобализации // Научные ведомости Белгородского государственного университета. Серия: Философия. Социология. Право. -№4.- 2008.

24. Хелд Д., Гольдблатт Д., Макгрю Э, Перратон Д. Глобальные трансформации: Политика, экономика, культура /Пер. с англ. В. В. Сапова и др. - Москва, 2004.

25. Оспанов Т.Т. Вестник КазНПУ. - Алматы, 2013.

26. Загвязинский В. И., Атаханов Р. Методология и методы психолого-педагогического исследования: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. -2-е изд., стер. — М.: Издательский центр «Академия». - 2005.

27. Семенова Н.М. Методы педагогического оценивания конкурентоспособности выпускников вузов: автореферат кандидата педагогических наук. - Санкт-Петербург, 2005.

28. Голубятникова Н.В. Управление конкурентоспособностью учреждений среднего общего образования: диссертация кандидата экономических наук: 08.00.05. - Москва, 2011. - 143 с.

29. Хазова С.А. Критерии развития конкурентоспособности личности <https://psibook.com/articles/kriterii-razvitiya-konkurentosposobnosti-lichnosti.html>

30. Что такое самообразование? <https://gekkon12.livejournal.com/4597.html>

31. Словарь по этике <https://ethics.academic.ru/>

32. Русакова Т.Г., Русакова Т.Г., Солдатенкова О.П., Шустова Е.А. Формирование творческой инициативы младшего школьника в художественно-практической деятельности // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 3. <https://www.science-education.ru/ru/article/view?id=18721>

33. Шарухина Г.А. Индивидуально-типические особенности проявления и гармонизации инициативности старших школьников и студентов // Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата психологических наук. – Москва, 2011.

34. Роткина Т.В. Педагогические условия формирования самостоятельности у младших школьников. – Могилев, 2013 г.

35. Климова К.А. О формировании ответственности у детей 6-7 лет. Учебное пособие (для студентов I-II курсов). – Издание Омск Омгу, 2004.

36. Трубников А.П. Формирование социальной ответственности старшеклассников в деятельности молодежного центра // Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – Курск, 2012. - 33с.
37. Психолого-педагогические условия организации исследовательской деятельности учащихся средних общеобразовательных учебных заведений в современном образовательном пространстве http://studbooks.net/1857938/pedagogika/rezultaty_opytno_eksperimentalnoy_raboty_razvitiyu_gibkosti_myshleniya_starsheklassnikov_vneurochnoy_uchebnoy
38. Педагогика прагматизма (Д. Дьюи, Х. Паркхерст, У. Килпатрик) https://studopedia.su/7_3227_pedagogika-pragmatizma-d-dyui-h-parkherst-u-kilpatrik.html
39. Особенности становления национальной идентичности в юношеском возрасте <http://www.info-library.com.ua/libs/stattya/3306>.
40. Лайпанова И.Б. Становление этнической идентичности младшего школьника в процессе обучения // Фундаментальные исследования. – 2014. – № 12-8. – С. 1758-1761; <http://fundamental-research.ru/ru/article/view?id=36436>.
41. Резник С.Д., Соколова А.А. Основы личной конкурентоспособности // Учебное пособие http://modernlib.net/books/a_sochilova/
42. Жусупов А. Конкурентоспособность и прагматизм https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38775171#pos=1;-179
43. Евсеева Л. В. Феномен сознания живой этики в творчестве Н. К. Рериха КиберЛенинка :<https://cyberleninka.ru/article/n/fenomen-soznaniya-zhivoy-etiki-v-tvorchestve-n-k-reriha>
44. Фаерман М.И. Психологический подход к изменениям (интегративный подход. Монография.- М.: Институт психологии РАН, 2007 - 217с.
45. Попова Н.А. Педагогический анализ воспитательного процесса http://открытый_урок_рф/статья.585996/.

Тәрбие іс-шараларын талдау СХЕМАСЫ

1. Сыныптан тыс іс-шараның тақырыбын негіздемелеу.
2. Жүргізілген жұмыстың мақсаттары мен міндеттері.
3. Жүргізу нысаны мен орны.
4. Жүргізу мазмұны мен әдістемесі.
5. Іс-шараға дайындық кезіндегі және оны жүргізу барысындағы оқушылардың белсенділігі
6. Өткізілетін іс-шараның жалпы эмоционалды фоны.
7. Іс-шараның педагогикалық құндылығы, оның ұжымның және жеке оқушының дамуындағы маңызы.

Сыныптан тыс тәрбиелік іс-шараларды талдау бойынша ұсынымдар
Сыныптан тыс іс-шараларды талдаудың екі тәсілі, соған сәйкес екі талдау түрі белгілі:

- *психолого-педагогикалық;*
- *пәндік-мазмұндық* (әртүрлі мазмұндық бағыттағы тәрбиелік іс-шараларды талдау; мұндай талдау барысында іс-шараның педагогикалық жағы екінші орынға жылжытылады, ең бірінші оның мазмұны қарастырылады).

Тәрбиелеу іс-шараларды талдаудың әртүрлі схемасы төменде беріліген.

Сыныптан тыс іс-шараларды талдау

1. Тәрбиелік іс-шараның, сабақтың тақырыбы. Сабақтың мақсаты. Оқушылардың жасы: сынып, топ. Өткізілетін орын.
2. Бұл ұжымның қандай ерекшеліктерін атап өтуге болады? Бұл сабақтың мақсаттары қандай мәселелермен байланысты?
3. Осы іс-шараны өткізу барысындағы нақты жағдай; үй-жайдың жағдайы; Қабырғалардағы және стенділердегі көрнекі құралдардың бар болуы: қатысушылардың орналасқан орындары. Тәрбиелік әсердің күшеюі үшін қандай техникалық құралдар қолданылады?
4. Осы сабақ бойынша оқушылар қандай дәрежеде және қандай құралдар арқылы ақпарат алған? Бұл сабаққа олардың жалпы және жеке дайындықтары қалай анықталған? Балалардың жасы қалай есепке алынған?
5. Тәрбиелі сабақтың басы қалай ұйымдастырылған? Сабақтың басындағы әдістеме қандай психологиялық эффектіге бағытталған?
6. Сабақтың барысында негізгі мақсат қандай құралдармен қамтамасыз етілген? Материалдың барлық бөліктерінің ішкі логикалық байланысы.
7. Оқушылардың іс-қимылының танымдылығына қандай әдістермен әсер етілген; қандай жаңа деректер меңгерілген, олардың рухани мағынасы қандай?
8. Сезімге қалай және қандай әдістермен әсер етілген? Қандай сезімдер белсендірілген, эмоционалдық белсенділік қалай анықталады? Сабақ барысында жалпы эмоционалдық жағдайды қалай сипаттауға болады?
9. Осы тәрбиелік сабақта оқушылардың қандай бағалау қарым-қатынасы

қалыптасты?

10. Осы сабақтың соңы қалай ұйымдастырылған? Ол ұйымдастырудың психологиялық мағынасы неде? Қалай ойлайсыз, қойылған мақсатқа қол жетті ме?

11. Тәрбиелік сабаққа қойылған сіздің жалпы бағаңыз. Сіздің ұсыныстарыңыз.

Сабақтан тыс іс-шараларды талдау (Ю. Самсонов, Т. Тучкова схемасы)

1. Осы іс-шараға қатысушылар. Сынып, контингент, жасы, саны, олардың қатысу (немесе міндеттілігі) еріктілігі.

2. Іс-шаралар тақырыбы және мақсаты. Осы іс-шараны өткізу мақсаттылығын негіздемелеу (қызығушылық, осы жастағы оқушылар үшін өзектілігі, оқушыларды қызықтыру үшін алдын-ала жүргізілген жұмыстар). Іс-шараны өткізу белсенділігі кімнен шығып отыр?

3. Іс-шаралар бағдарламасы. Оған қатысушылардың қызығушылығын арттыратын құралдар. Іс-шара құрылымы (басы, ең шыңы, аяғы).

4. Болжамдағы нәтиже. Эмоцияны білдіру: қуанышты, мейірімділікті және басқаға көмектесуді қажет ету мәдениетін тәрбиелеу. Іс-шараның басындағы және соңындағы эмоционалды жағдай. Оқушыларда танымдылық қажеттілігінің, өзіндік жетілуге және мен деген сезімге қажеттіліктің туындауы. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің дамуы, Іс-шара өткізіп жатқан педагогикалық қызметкерлердің білікті көмегі.

5. Бұл іс-шараның өзіндік ерекшелігі (дәстүрлер, обрядтық жағы, ұлттық мәдениетті, мерекелікті, салтанаттылықты қайта жаңғырту)

6. Әсер ету құралдарының жабдықталуы, әртүрлілігі және барабарлығы.

Тәрбие ісін психологиялық-педагогикалық талдаудың үлгілік схемасы (Г.М. Коджаспированың «Педагогтің кәсіби өзіндік білім алу мәдениеті» кітабынан)

1. Сабақтар тақырыбы және олардың педагогикалық негіздемесі.

2. Жүргізілетін жұмыстың мақсаттары және міндеттері.

3. Оқушыларды даярлауды ұйымдастыру: қатысу деңгейі; көрнекті рәсімдеу; техникалық құралдарды қолдану.

4. Сабақтарды мазмұны және оларды өткізу әдістемесі;

а) сабақ мазмұнының қойылған мақсатқа сәйкестігі;

б) тандап алынған материалдың танымдық және тәрбиелік құндылығы;

в) эмоционалды қанықтылық; оқушылардың сабаққа қызығушылығы; олардың белсенділігі;

г) сабақта қолданылған тәсілдер мен әдістер; оқушылардың жас ерекшеліктеріне, сыныптағы балалардың даму деңгейіне олардың сәйкестігі.

5. сабақ өткізетін тәрбиелеушінің тұлғалық ерекшеліктері; сенімділік,

эмоционалдылық, оқушылармен байланыс, балалар үшін тапсырма.

6. Сабақтың педагогикалық бағалылығы. Сіздің келешек жұмысыңызда осы сабақтың тәжірибесі қалай ескерілетін болады?

Эстетикалық бағыттағы тәрбиелік іс-шараны талдау (Ю. Самсонов схемасы)

1. Іс-шара мәселесінің (мақсатының) нақтылығы. Тәрбиеленушілердің жас және мәдени ерекшеліктеріне олардың сәйкестігі. Тәрбиеленушілердің бұл мәселелерді барабар қабылдауы («әртістер де», көрермендер де).

2. Тәрбиеленушілерге арналған мәдениеттің факторлары мен құбылыстарының (әртүрлі жанрлар және түрлер) мынадай жағдайларда:

- музыканы тыңдағанда;

- салынған суретті қабылдау;

- бишілерді бақылау және т.с.с. Үлгілі шығармалардың тәрбиеленушілердің осы жастағы қабылдау ерекшеліктерімен сандық қатынасы. Үлгілі шығармалардың тәрбиеленушілердің эстетикалық мәдени деңгейлеріне сәйкестігі тиімді таңдалуы қажет.

3. Эстетикалық іс-әрекеттің әртүрлі түрлері мен жанрларында өзін-өзі жетілдіру үшін қажетті жағдайлар.

4. Үлгілі-шығармалармен байланысты проблемаларды талқылау бейнесі. Олардың өзектілігі, маңыздылығы және тәрбиеленушілер жасына сәйкестігі. Тәрбиеленушілердің өздерінің ойларын және сезімдерін жеткізе білу мүмкіндіктері.

5. тәрбиеленушілердің әртүрлі аспектілердегі дамуы:

- интеллектуалды;

- эмоционалды;

- көркем-эстетикалық.

6. «Әртістердің» санының «көрермендер» санына қатынасы.

7. Тәрбиеленушілердің көркем талғамын (өзіндік даму) жетілдірудің шарты ретінде эстетикалық өнімнің әрі қарай қолданылуы.

Тәрбиелік іс-шараларды талдау

Тәрбиелік іс-шаралардың негізгі аспектілері ретінде мыналар қарастырылады:

- педагогтің қызметі мен тәрбиеленушілердің іс-қимылын талдау;
- қолданылатын нысандар мен әдістердің тиімділігі;
- қойылған мақсаттарды жүзеге асыру,
- тәрбиелеуші мен тәрбиеленушілердің қарым-қатынасы;
- педагог-тәрбиелеушінің кәсіпқойлығы.

Тәрбиелік іс-шараларды талдаудың үлгілік схемасы

I. Жалпы деректер

- Іс-шаралардың атауы.
- Оны өткізу уақыты мен орны. Кім өткізеді?

- Оқушылар тобының құрамы: қызығушылықтары бойынша ұл балалар, қыз балалар және т.б.

- Іс-қимыл түрлері: жүйеге ол кіреді ме, әлде ара-тұра іс-шара ма?

- Іс-шаралардың мақсаты: бұл іс-шара сынып ұжымының қандай мәселелерін шешуге және оқушылардың қандай жеке басының сапасын қалыптастыруға бағытталған.

- Осы іс-қимылдың түрі мен мазмұнын таңдаудың психологиялық негіздемесі:

- а) сабақтың жалпы тәрбиелік міндеттерге сәйкестігі,

- б) сынып ұжымының даму деңгейі,

- в) оқушылардың жас ерекшеліктері.

II. Іс-шараны дайындауды талдау

1. Бұл іс-шараның ұйтқысы кім болды және ол қалай дайындалды? Оқушылардың белсенділігі, өзінділігі және бастамасы қалай көрінді.

2. Іс-шараны дайындау әдістемесі:

- жоспарлау,

- әзірлеу,

- оған балалардың қатысуы.

3. Дайындық кезеңінде алдыдағы іс-қимылдың қажеттілігі және маңыздылығын түсіндіре алды ма.

III. Іс-шараның барысы

1. Оқушылардың алдында алдыдағы іс-қимылдың мақсаттары мен міндеттері қаншалықты эмоционалды, нақты, сенімді көрсетіле алынды?

2. Жұмыс қаншалықты мазмұнды, қызықты және ұйымдасқан түрде өтті?

3. Іс-шара барысында оқушылар қандай білімді меңгерді, оқушыларда қандай әлеуметтік ұстанымдар қалыптасты, олардың білімі қандай қоғамдық пайдалы істер жасауға итермеледі?

4. Оқушылар жұмыс барысында қандай қорытынды жасады? Қандай жетістіктерге қол жетті?

5. Өткізілген іс-шара ұжымның және жеке оқушының қоғамдық көзқарасының қалыптасуына, олардың өзара қарым-қатынасына қаншалықты әсер етті? Ұжымның дамуына, оның қоғамдық бағытын қалыптастыруға бұл сабақтың әсерінің салдары қандай болады?

6. Жекелеген оқушыларға оның әсері қандай:

- Өнердегі әсемділікке эмоционалды-эстетикалық қайырымдылығы;

- Еңбек этикасы, көркем іс-қимылдар;

- Мінез-құлық эстетикасы.

7. Бұл іс-шарадағы жасы үлкендердің (тәрбиелеушінің, психологтың, шақырылғандардың) ролі мен орны.

8. Жұмыс әдістемесі, қарым-қатынас сипаты, олардың тәрбиелік мәселелерге, жас және жеке тұлғалық ерекшеліктерге, ұжымның даму деңгейіне сәйкестігі.

IV. Тәрбиелік іс-шараны жалпы бағалау

1. Тәрбиелік мақсаттарға және міндеттерге қол жетті? Жетістіктердің, сәтсіздіктердің, қателіктердің себептері?

2. Жүргізілген жұмыстың тәрбиелік құндылықтары жалпы бағалау.

3. Психологиялық-педагогикалық қорытындылар және тәрбиелеушілер мен оқушылар тарапына ұсыныстар.

V. Тәрбиелеуші қызметін талдау

1. Тәрбиелеушінің қандай қасиеттері оқушылар арасында тәрбие жұмысын жүргізуге оң әсер етті, керісінше қандай қасиеттері кедерге жасады?

2. Оқушылармен тәрбие жұмысын жүргізу барысында қандай педагогикалық қабілеттер көрінді?

3. Тәрбиелеушінің педагогикалық әдептілігі көрінді ме, көрінсе ол қалай көрінді? Тәрбиелеушінің әдепсіздік көрсеткен жағдайлары?

4. Тәрбиелеушінің психологиялық жағдайы тәрбие жұмысын жүргізуде оң әсер етті ме, әлде теріс әсер етті ме? Неге?

Сақтайтын қорғау-педагогикалық режим.

Тәрбиелік іс-шараларды талдау схемасы

1. Дата

2. Сынып жетекшісінің аты-жөні

3. Сынып _____

4. Қатысушы оқушылардың саны _____

5. Сабақ тақырыбы _____

6. Сабақ нысаны _____

7. Іс-шара өткізуге кімдер қамтылады _____

8. Сабақтың мақсаты

• Тәрбиелік _____

• Дамытушылық _____

• Білімдік _____

9. Оқушыларды даярлауды ұйымдастыру:

• Балалардың даярлыққа қатысу деңгейі _____

• Көрнекі дайындау _____

• Техникалық құралдарды қолдану _____

10. Сабақтың мазмұны және оны өткізу әдістемесі;

а) сабақтың мазмұнының қойылған мақсатқа сәйкестігі

б) алынған материалдың танымдылық және тәрбиелік құндылығы

в) эмоционалдық қанықтылық; оқушылардың сабаққа қызығушылығы; олардың белсенділігі _____

г) сабақта қолданылған әдістер мен тәсілдер; оқушылардың жас ерекшеліктеріне, осы сыныптағы балалардың даму деңгейіне олардың

сәйкестігі

11. Сабақ жүргізуші тәрбиелеушінің тұлғалық ерекшеліктері; сенімділік, эмоционалды, оқушылармен контакт, балаларға арналған тапсырма.

12. Сабақтың педагогикалық құндылығы.

13. Осы сабақтың тәжірибесі болашақ жұмыста қалай ескерілетін болады?

Педагогикалық қызметке талдау. Сынып сағатын талдау схемасы

1. Сынып сағатының тақырыбы және сынып жетекшісінің (сынып тәрбиелеушісінің) тәрбие жұмысының жалпы жүйесіндегі оның орны.

2. Сынып сағатының білім беру-тәрбиелік міндеті, оның әрбір оқушы үшін тұлғалық мағынасы.

3. Сынып сағатын өткізудегі мұғалім мен оқушылардың дайындықтары:

а) іс-шараны өткізудегі мұғалім мен оқушылардың уақтылығы;

б) оқушылардың дайындық барысындағы дербестік және белсенділік деңгейі;

в) оқу-көрнекі құралдарымен педагогикалық қамтамасыздық.

4. Сынып сағатының барысы:

а) сынып сағатының мақсатын және міндетін оқушылар алдында ашып көрсетудегі сынып жетекшісінің сенімділігі, нақтылығы, эмоционалдығы;

б) іс-шараны өткізу мазмұнының, тақырыптық бағыттылығының және технологиясының сынып ұжымының даму деңгейіне сәйкестігі;

